

БОЛАШАҚТЫ БЕКЕМДІ ЕТЕР БАСТАМА

Жуырда Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы бастама көтеріп, үндеу тастағаны белгілі.

Қоғам қызу қуаттаған бастама Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында қаралып, халық қалаулылары Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына үндеу жолдап, онда Президент сайлауын өткізу туралы ұсынысты қолдауды және сайлау мерзімін белгілеуді сұрады.

Кезектен тыс сайлау өткізу бастамасын еліміздің түкпір-түкпірінде қоғамдық ұйымдар қызу қуаттауда. Бүгін біз осы ұйымдар өкілдерінің пікірлерін жариялап отырмыз.

ЕЛ МҮДДЕСІНЕ ЛАЙЫҚ ҚАДАМ

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мүшелерінің президенттік сайлауды мерзімінен бұрын өткізу жайлы бастамасы шын мәнінде уақытпен үндес шешім. Олар бұл бастаманы бірінші кезекте Парламент Мәжілісіндегі Ассамблеяның депутаттар тобына жолдаған екен. Бұл құптауға да, қолдауға да тұратын, әрбір қазақстандыққа келешекке деген үлкен жауапкершілікті сезіндіретін бастама десе болғандай.

Иә, әлемде күрделі қаржы-экономикалық дағдарыс пен жаһандық сын-қатерлер белен алып тұрған кезде мұндай үндеудің қабылдануы бүгінгі күн талабынан туындағаны мәлім. Жер ортақ, аспан ортақ, адам қауіпсіздігі мен ел тыныштығы ортақ заманда әлемде болып жатқан өзгерістер біздің елімізге де өз ықпалын тигізбей тұра алмайды. Осындай сәтте Қазақ елін талай дағдарыстардың салқынынан сақтап қала білген Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа жаңа сенім мандатын берудің орны бөлек. Осы қадам арқылы біз мемлекеттік дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтеріле аламыз. Сонымен қатар Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу және бүгінгі Елбасыға жаңа сенім мандатын беру оның өзі бастаған игі бастамаларын аяғына дейін жеткізуіне мүмкіндік береді. Тағы бір айтарлығы, Қазақстан халқы оның төңірегіне тығыз топтасып, еліміздің дамуына, мемлекеттікті нығайтуға, елдегі тұрақтылық пен бейбітшілікті күшейтуге өзіндік үлес қосатын болады.

Қазақстан – әлеуметтік-экономикалық тұрақты даму жолын таңдаған, баянды бейбітшілікті берік ұстаным еткен ел. Елімізді, оның ұстанымын бүгінде әлемнің көптеген елі танып, болашаққа басқан нық қадамдары мен көпті елен еткізер бастамаларына қолдау білдіріп келеді. Қазіргі таңда экономикасы даму ырғағынан жаңылмаған, ын-тымағы жарасқан елде бірнеше ұлттың өкілдері өзара тату тіршілік етуде.

Нұрмұрат ЕРМАНОВ,
облыстық мәслихат депутаты.

СӘТТІ ШЕШІМ

Біздің көпұлтты мемлекетімізді бүгінде төрткүл әлем түгел таниды десек болады. Қазақстан – әлеуметтік-экономикалық даму жолын таңдаған, бейбітшілікті ұстаным еткен ел. Соның дәлеліндей, түрлі ұлт өкілдері мекендейтін мемлекетімізде өзара татулық пен ынтымақтастық жарасым тапқаны жасырын емес. Осының барлығына Елбасының сын-дарлы саясатының нәтижесінде қол жеткізіп отырғанымыз айдан анық. Ендеше, осы бірлігіміз баянды болғай деп тілеймін!

Тәуелсіздігін алғанына ширек ғасырдай ғана мерзім өтсе де, егемен еліміз өзіндік жолмен қалыптасып қоймай, сыртқы және ішкі әлемде біршама жетістіктерге жетіп, талай игі істерді жүзеге асырды. Десек те, дүние жүзіндегі күрделі ахуалдарды жете ескермей болмайды. Оған біз қай жағынан болса да әрқашан дайын болуымыз керек. Сол үшін Мемлекет басшысының белгілеп берген “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” бағдарламасын орындауға бірқисідей жұмылуымыз тиіс. Өйткені, жаһандық қауіп-қатердің қай жақтан соғары да белгісіз. Сондықтан сын сағатта Елбасының манайыма бір адамдай топтасуымыз қажет.

Көпұлтты Қазақстан халқы бар үмітімізді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен байланыстырып келдік, солай болып қала бермек. Сондықтан, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің Президенттік сайлауды мерзімінен бұрын өткізу жөніндегі үндеуін бірауыздан қолдаймыз. Осылайша Елбасына сенім мандатын білдіру арқылы барлық қиындықтарды еңсеріп, елімізді одан әрі қарқынды дамытуға қол жеткізе аламыз деп ойлаймын.

Бізге Елбасы біреу. Ендеше, оған барлық уақытта сүйеу бола білуіміз керек.

Гүлчин ГЕЙДАРОВА,
түрік этномәдени бірлестігінің төрайымы.

ҮНДЕУДІ ҚОҒАМ ҚОЛДАЙДЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің елімізде Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы ұсыныс жасады. Бұл еліміздің тұрақты дамуы мен тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған ұтымды ұсыныс екендігі сөзсіз. Себебі, әлемдік экономикалық дағдарыс пен күрделі халықаралық жағдай орын алып тұрған тұста этносаралық татулық пен бірліктің өзіндік моделін қалыптастыра алған Қазақстанда болуы мүмкін сын-қатерлерден сақтауда, елдің саясаттағы беделі мен халықтың әлеуметтік жағдайын таразы басында тұн ұстап, болашаққа сенімді қадам басуда көреген басшының рөлі ерекше екендігіне ешкім шек келтіре алмайды. Бұл тұста қанырап құлаған ҚСРО-дан еншісін алып, қаншама қиыншылықты басынан өткерген Қазақстан халқын дамуының даңғыл жолына сала білген, салықалы да сарабдал саясатымен әлемдік саяси лидерлердің қатарынан орын алған, еліміздегі бүгінгі күнгі тыныштық пен тұрақтылықты, бірлік пен ынтымақты қамтамасыз етіп, халқын болашаққа нық сеніммен қарауға ұмтылдырған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі өлшеусіз. Сондықтан, Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы бастаманы қолдаймын.

Еліміздің алдына қойған дамуының «Қазақстан-2050» стратегиясы, «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жаңа экономикалық бағдарламасы, Елбасының «Мәңгілік ел» идеясы сынды ауқымды жоспарларын жүзеге асыруда және экономикамызды нығайту мен жүргізіліп отырған саясаттың сабақтастығын қамтамасыз етуде Президентке толыққанды сенім білдіру, осы идеялардың бастамашысы әрі жүзеге асырушысы Нұрсұлтан Назарбаевқа жаңа сенім мандатын беру, Қазақстан халқының жарқын болашағы жолында Елбасының төңірегіне топтасуға ұмтылу ел болашағына алаңдылық қазақстандық әрбір азаматтың көкейінен қолдау табады деп ойлаймын.

Жайна СЫДЫҚОВА,
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың
«Қазақстан халқы Ассамблеясы»
кафедрасының аға оқытушысы.

● ТЕЛЕКӨПІР – ТАРИХИ СӘТ

ГАЗ КЕЛДІ ДЕГЕНШЕ, ЖАЗ КЕЛДІ ДЕСЕҢШІ!



АРАЛ

Облыс әкімінің биылғы есеп беру жиынында бірқатар тың жаңалықтар енгізілді. Соның бірі телекөпір арқылы облыс жұртшылығы аймақ басшысының халық алдында есеп берген аудандық мәдениет үйлерінен тамашалады. Тіпті көкейінде жүрген сауалдарын облыс әкіміне шалғайда отырып, тікелей байланыс арқылы қоюға

мүмкіндік жасалды. Екінші жаңалық – жинғыға қатысқандар телекөпір арқылы Арал мен Жаңақорған аудандары орталықтарында газдандыру жұмыстарының басталу сәтін көз болды.

– Өткен жылы жалпы ұзындығы 1143 км болатын, 4 облыстың (Манғыстау, Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан)

аумағынан өтетін «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбырының құрылысы аяқталды. Соның арқасында көптеген елді мекендерге көгілдір отын жеткізу мүмкіндігіне ие болып отырмыз. Біз газдандыру жұмыстарын пилоттық жобаға сәйкес облыс орталығына жақын елді мекендерге бастап отырған жоқпыз. Ондай істесек, әрине, оңай болар еді. Оның есесіне бірнеше аудан орталықтарында жұмысты қатар бастап отырмыз, – деді облыс басшысы телекөпір басталар сәтте.

Арал қаласы. Серікхан Байзақов, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының директоры:

– Біздің компания биыл Арал, Байқоңыр қалаларын, Өйтеке би, Шиелі, Жаңақорған елді мекендерін газбен қамтамасыз етуді жоспарлауда. Бұл жөнінде арнайы инвестициялық бағдарлама дайындалды. Оны жүзеге асыруға «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясы мен Қызылорда облысы әкімдігі қолдау білдіріп отыр. Жоба іске асқан жағдайда Қызылорда облысының тұрғындары табиғи газды пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Қаптірі қызылордалықтар! Біз облыстың елді мекендерін газдандыру жұмыстарын бүгіннен бастап кеттік. Қазіргі күні Арал және Жаңақорған аудандары орталықтарында

құбырларды дәнекерлеу жұмыстары басталды. Арнайы техникалар әкелініп, наурыз айында Қазалы, Шиелі және Байқоңырда газ тарату станцияларының құрылысы басталды. Құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін мерзімде және сапалы орындауға уәде береміз.

Жаңақорған кенті. Зинабдин Шермағамбетов, Жаңақорған ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы:

– Елбасы қолдауымен ауданда ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанына куә болып жатырмыз. Өткен жылдың өзінде ауданда үш жаңа мектеп салынды. «Қолжетімді баспана» бағдарламасы бойынша 12 тұрғын үй пайдалануға берілді. Бүгін, міне, көптен күткен көгілдір отын ауданымызға жетіп отыр. Біз өте қуаныштымыз. Енді адамдарымыз отын дайындап, пешке от жағып, құл шығарып зуреленбейтін болады. Әсіресе, ауданымыздың қыз-келіншектерінің қуанышында шек жоқ. Әрбір отбасының, халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсарды деген осы емес пе?! Бұл алыс ауылдардың әрі өркеніетке қарай қадам басып келеді деген сөз. «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалады» деп осындай заманды айтады.

Құрметті Қырымбек Елеуұлы! Жаңақорған ауданында атқарылып жатқан игілікті істер үшін Елбасына ауданымыздың

Мәселен, білім беруді қаржыландыру 2014 жылы 2012-мен салыстырғанда 1,8 миллиард теңгеге, денсаулық сақтау саласы 1 миллиард теңгеге артқан. Сондай-ақ, әлеуметтік қорғау саласына бөлінетін қаржы 2,8 есеге, мәдениет пен спортқа 40 пайыздан артық, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы 2,3 есеге көбейген. Мұның барлығы ағымдағы шығындар емес. Құрылыс жұмыстарына, күрделі жөндеуге, жаңа құрал-жабдықтар сатып алуға жұмсалған, дамуға бөлінген қаражат.

Сондай-ақ, «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен феррокорытпа зауытының техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалып, қазіргі таңда жобалық құжаттары әзірленуде. Жоба үшін Қызылорда қаласындағы индустриалды аймақтар арнайы жер бөлінді. Ықтимал инвесторлармен келіссөздер жүріп жатыр.

Қойнауы небір қазынаға толы Қаратауда ванадий қорының мол екенін білесіздер. Ондағы «Бала-Сауысқандық» кенішін дамыту аясында өнімділікті жылына 1 миллион тоннаға жеткізу жұмысы да жалғасып келеді.

Көптен күткен шыны зауытының құрылысы қоғамдық пікірде тіпті бұрынғы-қазіргі облыс әкімінің жұмысынан бағалайтын индикаторға айналды, сондықтан осы мәселеге арнайы тоқталайын.

Қызылорда қаласындағы индустриалды аймақтан аталған зауытқа арнап жер бөлінді. Бюджет есебінен негізгі инженерлік инфрақұрылымдар тартылды, биылғы жұмыстарға 1,5 миллиард теңге бөлінді. Техникалық-экономикалық негіздемесі мен жобалық-сметалық құжаттары дайындалды, мемлекеттік сараптама жасалды, қажетті келісімдерге қол қойылды. Сонымен, 52 миллиард теңге тұратын шыны зауытының құрылысы басталды!

Жоғарыда бірнеше жыл бойында жалғасатын ірі жобалар туралы айтылды. Ал 2014 жылы іске қосылған өндірістерге келер болсақ, бытыр жалпы құны 6 миллиард 700 миллион теңгеге құрайтын 12 өндіріс орнының тұсауын кестік. Олар жайлы әлі тарқатып айтамыз.

Өткен жылдың басында химиялық реагенттер шығаратын кәсіпорындары жанарту және кеңейту жұмыстары аяқталды. Қуаттылығы жылына 2000 тонна құрайтын кәсіпорын толықтай іске қосылып, мұнай өндірісіне қажетті бұйымдар шығарып отыр. Олар өндіретін химиялық реагенттер мұнай құбырларындағы қатқыл болдырмай, құбырды пайдалану мерзімін ұзартады.

Сыр бойы



1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

19

АҚПАН
БЕЙСЕНБІ2015 ЖЫЛ
№25 (18913)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboyi.kz

ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӨРІСТІ КЕЗЕҢ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ Қ.Е.КӨШЕРБАЕВТЫҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев халық алдындағы есепті кездесуін өткізді.

Кездесуде аймақ басшысы өткен жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын және үстемізге жылы атқарылатын міндеттерді саралап берді. Облыс әкімінің есепті кездесуін онлайн режимі бойынша барлық аудан жұртшылығы әкімдіктерде, аудандық мәдениет үйлерінде тамашалады. Шалғайда отырып көкейінде жүрген сауалдарын тікелей байланыс арқылы қоюға мүмкіндік алды.

Халық алдындағы есепті кездесудің тағы бір ерекшелігі, жиынға қатысушылар телекөпір арқылы Арал және Жаңақорғанда аудан орталықтарын газдандыру құрылысының басталу салтанатына куә болды.

Есепті кездесуге Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бактиярұлы қатысты.



Құрметті жерлестер, әріптестер!

Тағы бір жылды тарихтың қанжығасына байлап бердік. Бүгін Өздеріңбен екінші мәрте есептік кездесудің реті келіп тұр. Жылды жылы қар асып, Қой жылы қорамызға кіріп жатқан шақта “қара алтынның” бағасы кетпеген төмендеп, үлкен көршіміз бітімі қиын даулы ортасында қалғанын естіп-біліп отырсыздар. Біреулер дереу қара астындай тоңырып, үрей шақыруға асықты. Бірақ Елбасына еріп, Ел қызметіне бел буған орта үшін жылдан жылдың жаманы жоқ. Асылы, әр кезек, кез келген сәт өзінің тарихи жүгі мен әлеуметтік аманатын арқалай келеді.

Алты Алашқа аша, тағдыр тәлкегіне түскен талай ұлттың баласына пана болған Сыр бойы баршамыздың киес тұтатын бақ мекеніміз. Сыр-дариясына жыр дариясы үндесіп, қойға қуат, ойға нәр беретін тұран Елге адал қызмет ету – біздің перзенттік парымыз. Қиындыққа мойымай, “қалауын тауып қар жандыру” – азаматтық міндетіміз. Ретін таба білсек, халқымыздың ұғымында береке мен молшылықтың белгісі саналатын биылғы Қой жылы да жасампаз істеріміз бен жарқын бастамаларымыз жалғасын табар сәтті кезеңге айналады.

Кезеңнің ерекше екенін мойындаймыз. Қауіп-қатерлерін салқын санамен елсіп-екпейміз. Жуырда Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің арнайы кеңейтілген отырысы да осы ерекше кезеңдегі іс-қимыл жоспарына арналды. Елбасы әлепсіз сабырлықпен жағдайға өз бағасын беріп, небір қиындықтан күйзелмей өткен Қазақстан, бұл жолы да биіктен көріну керектігін айтты. Оған экономикамыздың қордалаған қуаты, іргеміздің мығымдығы, жинаған мол қорымыз негіз болмақ. Ел бастысы, Президент барлық әлеуметтік міндеттемелердің уақытылы және толық көлемде орындалатынын шегелен ескертті.

Бағыттарымыз айқын, міндеттеріміз бен мұраттарымыз анық.

Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» атты Жолдауында мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық даму бағыттарын көрсетіп берді. Мемлекет басшысының тапсырмалары негізінде жыл сайын облыс әкімінің іс-қимыл жоспары бекітіліп, аймақтағы барлық мемлекеттік органдар сол жоспарға сүйене отырып жұмыс істейтіндігі білесіздер. Енді өткен жылға көз жүгіртіп,

жоспардың қалай орындалғандығы, неге қол жеткендігі туралы айтатын кез келді.

2014 жылғы іс-қимыл жоспарында біз шағын кәсіпкерлікті өркендетуге, апатты жағдайдағы мектептер мәселесін шешуге, күнделікті өмірге қажетті инфрақұрылымды дамытуға, оның ішінде аймақты газдандыру мәселесіне басымдық бердік. Жыл бойы осы және жоспарға енген басқа да бағыттарда белсенді жұмыс істедік.

Бытырғы іс-қимыл жоспарына жалпы саны 195 шама енген еді. Соның 80 пайызы толықтай орындалды.

Құрама жем шығаратын зауытты іске қосып үлгермедік. Себебі, зауытқа қажетті құрал-жабдықтар кешігіп жетті. Бірақ бұл кәсіпорын келесі айда қосылады. Бүгінгің өзінде зауыт 95 пайыз жұмысқа дайын.

Өкінішке орай, Талсуаттағы психоневрологиялық науқастарға арналған интернат үйінің құрылысы әлі бітпеді. Бұл жағдай алдығы жауапсыз мердігермен болған сот тартысының созылуымен байланысты. Сот аяқталғаннан кейін құрылыс жалғасалды.

Аймақта жалпы саны 34 бітпей тұрған ірі әлеуметтік құрылыстар болған, аталған интернат үйі соның соңғысы. Қалған 33 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Бір жылда бітпейтін, ұзақ мерзімді шаралар 2015 жылғы Іс-қимыл жоспары аясында жалғасалды.

2015 жылға қандай жетістіктеріміз келді? Соның екі жылда 21 мыңнан астам, соның ішінде 18 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Тек жұмыссыз тұрақты, жалғасын әлі сайын алатын адам ғана болашағына сенімді болады. Сондықтан бұл өте маңызды мәселе деп білеміз.

Бар жұмыс орындарын сақтау, жанашы ашу – қашан да біздің ең негізгі шаруамыз.

Қаржы мәселесіне келер болсақ, 2013-2014-ші жылдардағы бюджетті қосымша 84 миллиард теңгеге ұлғайта алдық оның 44 миллиард теңгесі ішкі мүмкіндіктер арқылы ал 40 миллиард теңгесі қосымша республикадан тартылған қаржы. Бұл қыруар қаражат аймақ үшін аса өзекті мәселелерді шешуге жұмсалды.

Нәтижесінде Қызылорда облысы адам басына шаққандағы шығыс көлемі бойынша 2014 жылы Астана, Алматы қалалары мен Атырау облысынан кейінгі 4-орынға көтерілді. Ал әлеуметтік шығындардың үлесі бойынша бірінші орында тұрмыз. Біз жалпы бюджеттік шығындардың 60 пайызы жуығын әлеуметтік салаға береміз.

Басты мақсат – облыс экономикасын мұнайға деген тәуелділіктен айырып, оны әртараптандыру.

Біз үшін басқа жол жоқ! Металлургия – біз үшін маздап жана бастаған үлкен үміт оты. Сәтін салса, бұл сала өңір экономикасының өрісін едәуір кеңейтіп, күші мен қуатын арттырады. Сыр бойының дәулеті болашағы дәстүрлі ауыл шаруашылығына қоса осы саламен байланысты деп білемін. Сондықтан аталған бағытта белсенді түрде жұмыс істеп жатырмыз.

Қазақстан Президенті жанында тау-кен өндірісі жөніндегі арнайы кеңес бар. Бытырғы маусым айында біз осы кеңесте «Қызылорда облысының тау-кен кенішін дамытуды» Жол картасын бекіттік алдық.

«Шалқия» қорғасын-мырыш кенішін

ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӨРІСТІ КЕЗЕҢ

Былырғы жылдың қантар айында «SmartRubber» (смарт раббер) серіктестігінің көнерген автокөлік дөңгелектерінен тамшылатып суаруға арналған түтік шығаратын зауыты ашылды. Кәсіпорын Қазақстанның басқа бірде-бір аймағында жоқ немістің инновациялық технологиясымен жұмыс істейді. Зауыт шығаратын ұнтақты асфальт төсеу кезінде пайдаланса, оның да жарамдылығы арта түседі.

Арал ауданында ас тұзы мен техникалық тұз өндірісін жанаруы жобасы іске асты. Бұрын «Аралтұз» жылына 120 мың тонна тұз өндіріп келсе, енді ол 78 пайызға, яғни 213 мың тоннаға дейін артты.

Жалағаш және Шиели аудандарында «Мин тамырын өсіру және өңдеу» зауыты іске қосылды. Бүгінде Жалағаш ауданындағы зауытта 150 адам жұмыс істейді. Онда жы-

ауданында «Қорқыт ата зиярат ету орталығы», Шиели және Жаңақорған аудандарында жол бойындағы қызмет көрсету кешендері жұмысқа кірісіп кетті. «ҚазМұнайГаз Өнімдері» компаниясы 5 жанармай құю бекеттерін салмақ. (Оның Қызылорда қаласы тұсындағы бір бекеті пайдалануға берілді).

Өткен жылы жолдарды жөндеу мен екі көпірдің құрылысына 11,6 миллиард теңге бөлдi. 2012 жылмен салыстырсақ, қаржыландырудың 2,5 есеге өскенін көреміз.

«Самара-Шымкент-Теренөзек» жолындағы Сырдарияны кесіп өтетін көпірдің құрылысы аяқталып, еліңгілігі көріп жатыр. Сырдария аударының 9 елді мекені аудан орталығымен тікелей байланысты. Бұрын дарияның арғы бетіндегі халық аудан орталығына бару



Өздеріңіз білетіндей, бытыр «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының құрылысы аяқталды. Осыған орай облыс елді мекендеріне газ тарту мүмкіндігі туыды. Бұл жобаны облыс орталығына жақын орналасқан жекелеген ауылдардан бастап, кезек-кезегімен жасау ыңғайлы болғанымен, біз ол жолмен жүрмейді. Бұл жұмыс бір мезгілге аймақтың солтүстігі мен оңтүстігінен қатар басталып, облыстағы барлық ірі елді мекендерді бірдей қамтуға керек деп шештік.

Аталған жұмысқа Қызылорда облысының әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамы аралында жасалған меморандумға сәйкес 23 миллиард теңге инвестиция тартылып жатыр. Бұл қаражат Арал, Өйтеке би, Байқоңыр қалалары мен Шиели, Жаңақорған кенттеріне газ тартуға, ауылшілік жерлер салуға, автоматтандырылған газ тарту станциясынан көгілдір отын алғы, 5 бірдей газ құбырының құрылысын бастауға жұмсалды.

Қажетті құжаттардың барлығын дайындауға облыстық бюджет есебінен қаржы бөлінді.

Күзде «ҚазТранс Аймақ» өндіріске қажетті жабдықтау алуға конкурс өткізді. Бүгінде Оралдағы «БатысМұнайГаз Жабдықтау» зауытында бес автоматтандырылған газ тарту станциялары құрастырылып, құрылыс-монтаж жұмыстарына дайын болады. Аймақты газдандыру аясында мыңнан аса жана жұмыс орындары ашылады. Қазіргідей қысыпайта кезеңде бұл да көңілге демеу болатын жағымды бастама деп санаймыз.

Жоғарыда айтылғандай, аймақ елді мекендеріне газ тарту жұмыстары облыстың солтүстігі және оңтүстігі аудандарынан қатар жүргізіледі. Соған орай, Арал және Жаңақорған аудандарының орталықтарындағы газ тарту жұмыстары бүгін басталмақшы. Қазір осы мүмкіндікті пайдаланып, екі ауданмен тікелей байланысқа шығу арқылы басталып жатқан жұмысқа күш болады.

Құрметті қауым!
Бұған қосымша аймаққа «көгілдір отын» тарту жобасы аясында Жосалы және Сексеуіл елді мекендерінде де автоматтандырылған газ тарту станциясын салудың жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде.

Қызылорда қаласына қарасты Қызылжарма ауылдық округі мен Тасбөтет кентін газдандыруға байланысты құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасын жатыр. 2014 жылы осы мақсатта біз республикалық бюджеттен 1 миллиард 200 миллион теңге тарта алдық.

Осының арқасында быыл облыс халқының 70 пайызы тұратын елді мекендерге газ жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Көгілдір отын елді мекендердің көшелеріне дейін жеткізіледі. Үйлеріне тұрғындар оны ауыл әкімімен бірлесіп отырып кіргізіп отырады.

Осылайша, көптен күткен «көгілдір отын» Сыр елінің ауылдарына да келе бастайды. Бұл кезінде әріптестерімізбен бірге Батыс Қазақстан (70 пайыз) және Маңғыстау (100 пайыз) облысындағы қызмет кезінде де өңірді газдандыру мәселесімен айналысқан едік. Аймақтардағы ең шалғай ауылдарға көгілдір отын жеткен кезде халықтың қуанышында шек болмағаны есімдеміз. Бірі «тазбен бірге ауылға өркенет келді» десе, енді бірі «із келді – жаз келді!» деп өлең де шығарып жатты.

Өйткені аймақты газдандыру көптеген күрделі мәселенің күрмеуін шешеді. Жалпы алғанда, бұл әлеуметтік салаға да, әсіресе экономикаға да тын серпін әкелуі тиіс. Себебі өндірісте шығарған өнімнің өзінің бағасы арзандайды. Жекелеген тұрғындардың, отбасыларының тұрмысы жақсарып, тұтас елді мекеннің дамуы ілгерілеуі тиіс. Мұның барлығы аудан және ауыл әкімдерінің сапалында болуы қажет.

Халықтың **санына ауыз сумен қамтамасыз ету** де күн тәртібінде тұрған өзекті мәселенің бірі.

Үкімет және Ұлттық экономика министрлігімен атқарған жұмыстың нәтижесінде соңғы екі жылда таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 15 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінді. Бұл алдындағы екі жылмен салыстырғанда 54 пайызға көп (2011-2012 жылдары 9,7 миллиард теңге). Соның ішінде бытыр ғана бұл мәселенің шешуіне 6 миллиард теңге қаржы тартылды.

Осының арқасында қазір біздің 262 елді мекеніміздің 185-і орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды. Онда ауыл тұрғындарының 94 пайызы өмір сүріп жатыр. Тіпті министрліктің есептеуінше, бұл республикадағы ең жоғары көрсеткіш.

Жылумен қамтуға келер болсақ. Бытырғы қыстан айтарылықты қиындысыз шықтық. Бұлай болуына Үкіметтен қосымша мазут отынын сатып алу үшін 2,5 миллиард теңге алуымыз септігін тигізді.

Соның есебінен жоспарланған облыстық бюджеттің қаржысын (234 миллион теңге) жылу-электр орталығындағы 4 қазандыққа жөнелтуге жұмсалдық. Олардың біреуі қосымша қазандық болатын. Сол шаралар бытыр қыстан да еш қиындықсыз өтуге көмектін тигізіп отыр.

Аудандарда атқарылатын ауқымды істердің бірі ретінде, Өйтеке би кентіндегі жылу жүйесі кеңейтілгендігін атағым келеді. Бұл жұмысқа 1 миллиард

теңге жұмсалды.

Өңірдегі басты проблемалардың бірі – электр қуатына тәуелділік. Бізге қажетті қуаттың 60 пайызы сырттан келеді.

Аталған мұқтаждықты өтеу үшін, Елбасының тапсырмасымен Жылу-электр орталығын кеңейту және қайта жасақтау жобасы қолға алынды. Бұл өңірге қажетті электр энергиясын өзімізде өндіріп, жылумен де тұрақты қамтамасыз етуге жол ашлады.

Жарықпен қамту бағдарламасы бойынша аудандарда электр тарту орталықтары құрылды. Жаңақорған, Тасбөтет, Шиели және Өйтеке би кенттеріне қажетті энергетикалық жабдықтау орнатылды.

Арал қаласы мен Өйтеке би кентінде қосалқы бекеттерді қайта құру жұмыстары басталды.

Естеріңізде болса, 2013 жылы Қызылорда жылу тарту орталығының жамбыл облысы шара-ларына қолға алынды. Компания қарыздарының көп бөлігі жабылды. Халық пен Жылу тарту орталығы арасындағы делдал ұйымдарды қысқартып, біреуін ғана қалдырдық (бұған дейін 6 делдал ұйым жұмыс істеп келген).

Осыған қарамастан, тұтынушылардың ақы төлеуі салдарынан, тұрғындар мен кәсіпорындар үшін электр қуаты (5,7 пайызға) мен жылуың (12 пайызға) бағасын көтеруге мәжбүр болдық. Өйтпеген жағдайда қызмет көрсетуші мекеме тұрақты түрде жылумен және жарықпен қамтамасыз ете алмас еді.

Егер халық өзі тұтыныған коммуналдық қызмет үшін уақытында ақсын төлеп отырмаса, онда тариф бағасын қайта қараудан басқа амал жоқ.

Кенестік кезеңнен біздің халықтың бойына сіңген бір жағымды қасиет бар. «Өмірдегі өлтірілген» деген бейқамдық пен берекесіздік. Өзіңді мәсәлік психологиядан арыла алмай, өмірің өмірің өзеге міндет ететіндерді ұлтқа аз емес. Бұл қазіргі заманға жат, әрі біздің әліптегі мінезімізде жоқ қасиет. Біздің дәстүр де, дін де адамды қарыздан сақтандырады. «Судың да суаруы бар» деп үйретелі емес пе?

Аймақ экономикасының негізгі тірегінің бірі – **ауыл шаруашылығы**. Өткен жылы аталған саланы қолдауға бюджеттен 8 миллиард теңге қаражат бөлінді. Ол 2013 жылмен салыстырғанда 50 пайыздай артық.

Біздің диқанар екі жыл қатарынан бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізіп, күріштің мол өнімін жинады. Егішілік шаруашылығын әртарапандыру үшін өзге де өнімдерді субсидиялауды қолға алдық (соның ішінде тамшылатып суару технологиясының негізінде).

2014 жылы «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы сатып алынатын күріштің бағасын килограммына 50 теңгеден белгіледі. «Ағартқындар» 14 мың тонна күрішті бірден сатып алды. Соның арқасында шаруашылықтар құрал-жабдықтауын жанартты және жана техника сатып алуға мүмкіндік алды.

Қазіргі таңда Жалағаш элеваторындағы жана зауыттың монтаждау жұмыстары аяқталды. Бұл күріш өңдеу көлемін 3 есеге дейін арттырады (бұған дейін күніне 40 тонна болса, енді 150 тоннаға дейін күріш ақталады). Сондай-ақ, өңдірілген күріштің сапасы да жақсара түседі.

Асыл тұқымды мал басын көбейту жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп келеді. («Егішілік пен мал шаруашылығын дамыту Отңтүстік-Батыс ГЗИ» бірлесіп, Шымкент және «Ағартулы кредит корпорациясы», «Құлан» жобасы арқылы).

Мемлекеттік ветеринарлық орталықтардың материалдық-техникалық базасының жаңармағына талай жыл болған еді. Бытыр осы мәселені шешуге қажетті қаражат бөлінді. (425 миллион теңге), ветеринарлық бекеттер үшін 133 ғимарат, автокөлік пен керекті жабдықтау сатып алынды.

Ветеринарлық бақылау қызметі өз алдына бөлек облыстық басқарма болып құрылды. Осы шаралардың арқасында біз биыл бүкірлік аймақтан шығып, өзімізді де етпен қамтамасыз етіп, оны сыртқа да шығара бастауға жол аштық.

Балық шаруашылығын қалпына келтіру бағытында қолға алынған жұмыстар жалғасын келеді. Бытыр 6,7 мың тонна балық ауланды, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 40 пайызға артық. Балық өндірісін 8 зауыт жұмыс істейді. Олар жылына 11 мың тонна балық өңдей алады. Барлығы да соңғы технологиялармен жабдықтылып, халықаралық талаптарға жауап береді. Өнімдері жакын және алыс шет елдерге экспортталады. Аралда ауланған балық Еуропа нарығында сатылып жатыр. Соңғы бір жылдың ішінде экспорт көлемі 14 пайызға артқан.

Бытыр «Бақыт» шаруа қожалығы өзі шығарып отырған өнімдерге еурокөз алды.

«Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы балық өнімдерін өңдіру және өңдеу бойынша бірнеше инвестициялық жобаман айналысып келеді. Әсіресе, Арал балық өндіру зауытының жұмысын жандандыру және Иірқөк бөтетінің шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстарын ерекше атау керек.

Елбасы Н.О.Назарбаевтың тікелей қолдауымен САРАТ жобасының екінші кезеңі «Қазақстанның су шаруашылығын реттеу» мемлекеттік бағдарламасына енді.

Республикалық бюджеттік комиссия жобаны қаржыландыру үшін Өлемдік банктен ақша алуға (85 пайыз) рұқсат берді. Қалған қаржы (15 пайыз) республикалық бюджет есебінен бөлінеді. Өріне, қазіргі экономикалық жағдай маз емес. Бірақ жобаның алғашқы кезеңінде де маңдайымыз шықпай отырғаны шамалы еді. Ол уақытта да түрткі қиындықтар аз болмады.

Сондықтан Елбасының тікелей қолдауының арқасында САРАТ жобасының екінші кезеңі биыл басталады деп сенеміз.

Халық үшін ерекше маңызды мәселенің бірі – **тауар бағасының тұрақтылығы**. Осыдан бір жыл бұрын Ұлттық банктің шешімімен теңгенің айырбас бағамы өзгергені естеріңізде болар. Өз кезегінде бұл нарықтағы бағаның көтерілуіне жол ашты. Бірақ артынаша аталған жағдай тұрақталды.

Теңгенің айырбас бағасы өзгеріссіз қалғанда, біздің қаржылық қорымыз мамыр айында таусылып қалар еді. Бұл мәселені Украина мен Ресей арасындағы са-

сыс қатығысқа дейін шешіп алмағанда, ұлттық валюталықтардың долларға шаққандағы бағамы 200 теңгеден де асып түсуі мүмкін еді деген болжам бар.

Қазір қаржы нарығында валюта бағамының күрт өзгеруіне негіз жоқ.

Өткен бір жылда ғана өңірдегі бөлшек сауданың

көлемі 22 пайызға өскен. Осының өзі бағаның қолжетімді екендігін айғақтайды.

Біз арнайы зерттеу жүргізіп, сныр еті, бидай мен картопты санамағанда, Қызылорда облысындағы азық-түлік бағасы республикадағы орташа бағадан төмен екеніне көз жеткіздік. Ал 600 грамдық әлеуметтік бөлек нанның бағасы 40 теңге көлемінде сақталып тұр.

Бағаны тұрақтандыру мақсатында аймаққа шеттен азық-түлік тасымалдайтын ірі мекемелермен меморандумға отырдық. Сол арқылы бағаның шарықтап кетуіне жол бермедік.

Халықты арзан көкөніс және басқа да өнімдерімен қамтамасыз ету үшін тұрақты түрде арнайы жәрмеңкелер ұйымдастырылды.

Қаірігі қауым!
Әлеуметтік саланың дамуын жеделдету – біздің алдымызда тұрған ең негізгі басымдық екендігін білесіздер.

Соның ішінде барлық деңгейдегі әкімдер жеке айналысатын ерекше мәселе – жана жұмыс орындарын ашу. Бұл әкім жұмысының тиімділігін анықтайтын негізгі фактор.

Бытыр экономиканың түрлі саласына 11 мыңнан аса жана жұмыс орындары ашылды. Оның 10 мыңы тұрақты. Бұл 2013 жылмен салыстырғанда 26 пайызға артық. Нәтижесінде жұмыссыздық деңгейін, әсіресе, жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендеттік. «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бойынша соңғы екі жылда біз микро кредит арқылы 5,4 миллиард теңге қаражат тараттық. Соның арқасында жұмыс таппай жүрген 2,5 мың адам өз кәсіптерін бастап кетті. Банктер мен қорлар арқылы қаржы алуға дайын емес адамдар үшін мұның таптырмас құрал екені айдан анық. Көктем іздегендері жерден табылып, қаншама адам жоқшылықтың құрсауынан жол тапты.

Тұрғындардың жұмысқа орналасып, өз бизнестерін ашуға көмектескенін нәтижесінде табыстары ең төменгі деңгейдегі адамдар саны 2 есеге азайды. Ол көрсеткіш 2013 жылдың 1-қантарында 5360 адам болса, 2015 жылдың 1-қантарында 2774 адамды құраған).

Өздеріңіз білетін, «Жұмыспен қамту Жол картасын» жазу жоспарланатын болатын. Бірақ біз барлық деңгейде бұл мәселені көтеріп, Нәтижесінде осы жылдың 11 ақпаны күні Елбасы Үкіметке аталған бағдарламаны жүзеге асыруды әрі қарай жалғастыруды тапсырды.

Қарапайым адамдарға микро кредиттер, әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар тәжірибесі әжептәуір көмектесті. Аталған жоба бойынша өткен жылы 4 мың 300 адам жұмысқа орналасты.

Бұл бағдарламаны одан әрі жалғастыру қажеттігін орталыққа ұсынамыз. Бірақ оның тағдыры жалпы экономикалық жағдай мен республикалық бюджеттің қауқарына да байланысты болмақ.

«Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқын қорғау мен өмір сапасын жақсартудың Жол картасы» екінші жыл қатарынан іске асырылып келеді. Осы екі жыл ішінде біз мүмкіндігі шектеулі адамдардың күнделікті күбінен оларын бөліп, өз мемлекетіне қажет екенін сезіндіріп алдық деп ойлаймын. Парқын білгенге мұның өзі аз емес.

Бытыр Мемлекет басшысы мүгедек жандардың жұмысқа орналасуын тапсырды. Елбасы тапсырмасына сәйкес 540 адам әртүрлі мекемелер мен кәсіпорындарға тұрақты жұмысқа орналасты.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың да белсенділігі артқаны байқалады. Біртұай адам «Даму» қоры арқылы несие алды, микрокредиттерге қол жеткізіп, өз кәсіптерін ашып жатыр.

Мүгедектерге мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік тапсыртырғын көлемін 2012 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге ұлғайта алдық.

Соңымен қатар, бытыр біз «Қарттар үйі» және «Әлеуметтік үйі» ғимараттарын күрделі жеңуден өткіздік. Өздеріңіз білетіндей, өткен жылы Облыстық мекемелер үйінің құрылысын аяқтап, барлық дерлік басқармаларды сонда орналастырдық.

Бірақ халыққа солай ыңғайлы болғандықтан әлеуметтік жамсыздандыру, жұмыспен қамту, еңбекті қорғау секілді мемлекеттік органдары қалғанда орталығындағы бұрынғы орнында қалдыру керек деп шештік. Ғимараттарн мүгедектердің қажеттілігін ескепе ала отырып қайта жөндеп шықтық.

Әлеуметтік саладағы ең маңызды бағыт **денсаулық сақтау қызметінің сапасы мен оның қолжетімділігін қамтамасыз ету**. Соның зерттеулер көрсеткендей, барлық мемлекеттік қызмет түрлерінің 83 пайызы халықтың сапасына тиесілі екен. Сондықтан маңызын зерттеу, қызметке берген бағасын тұтастай алдырса, яғни бірлікке берілген бала деп қабылдау керек.

Соңғы үш жыл ішінде денсаулық сақтау саласының қажетіне облыстық бюджеттен бөлінетін қаржы 2 есеге көбейген. Денсаулық сақтау саласының осы аралықтағы жалпы бюджеті 94,1 миллиард теңге құрады. Аталған сала бойынша жан басына шаққандағы шығын көлемі бойынша біз Астанадан кейінгі екінші орындамыз.

Бытыр медициналық мекемелерді қажетті құрал-жабдықтаумен жабдықтау үшін ғана 3 миллиард теңгеге жуық қаржы берілді. Барлық аудандарда орталық ауруханалар жана техника алды. Бұл емдеу-сауықтыру шараларының ауданда көбірек жасалып, халықтың қалаға қатынауын азайтты.

Заманға сай жасакталған облыстық «Ана мен бала орталығы» ақыры пайдалануға берілді. Жұмысын бастағалы бері Орталықтың дөңгелектері 2 мыңнан аса бала тұғызып алды. Қазір Орталық мамандары жасанды ұрықтандыру тәсілін (ЗЭКО) енгізуге жұмыстанып жатыр.

Екі жылда бұрын жабылып қалған 13 ауылдық аурухананы қалпына келтірдік. Қармақшы және Сырдария аудандарындағы жана емханалар іске қосылды. Жаңадан ашылған 14 дөңгелек амбулатория да бытырғы жылдың табысы. Облыстық жұпналы аурулар ауруханасына, наркологиялық диспансерге, қалалық туберкулез диспансеріне, Жаңақорған, Теренөзек, және Жосалыдағы аудандық орталық ауруханаларға күрделі жөндеу жасалды.

Облыстық медициналық орталық, Арал және Жаңақорған аудандарының емханалары жылжымалы медициналық кешепмен жабдықталған. Олар жақын жердегі ауылдарда емдеу-сауықтыру жұмыстарын жүргізеді. 74 санитарлық автокөлік пен 16 реанимобиль сатып алынды. Енді біздің медициналық барлық мекемелердің автоіпкеп қамтылуы талапқа толықтай сәйкес.

Мұның барлығы медициналық қызметтің сапасын көтеріп, оның қолжетімділігін арттыру үшін жасалды. Екі жыл ішінде атқарылған кешенді жұмыстың нәтижесінде біз денсаулық сақтау саласындағы негізгі көрсеткіштер бойынша біраз алға жылжыдық.

Бірінішпен, сәбилердің шешінуі 34,7 пайызға азайды. Сол сияқты, ана өлімі де 2013 жылмен салыстырғанда екі есеге қысқарды. Бұл көрсеткіш бойынша біз республикадағы маңдайындай аймақтардың қатарына ендік.

Екіншіден, өкпе ауруына шалдығу тұрақталды. Ту-беректеумен ауыратындардың саны 17 пайызға, одан қайтыс болатындары да 36 пайызға дейін қысқарды.

Үшіншіден, қан айналымы ауруына ұшырағандар саны 4 пайызға, осы аурудың салдарынан болған өлім саны 30 пайызға азайды.

Тағы бір қаперден тыс қалдырмай, үнемі қалағалап отыратын, дамуына ұдайы көңіл бөлінуі тиіс сала – **білім беру**. Білім саласына қылғылан қаржы ап-сөтте нәтиже беруі мүмкін емес. Десек те, мектеп партасында отырған баланың көңірек көзін ашып, тәлім-тәрбие беру арқылы біз болашағымыздың келбетін анықтайтынмыз анық.

Сондықтан да балабақша, мектеп, кәсіби-техникалық білім беру ісін ілгерілету үшін аянайы еңбек етеміз. Сондай-ақ, жоғары білім алғысы келетін талапты да дарынды жастарды қолдаймыз.



лына мың тонна мия тамырының сығындысы, 100 тонна глициривин қышқылының ұнтағы шығарылады. Қуаты 250-300 тонналық Шиелидегі зауытта 50 адам жұмыс істейді. Бұл зауыттардың өнімі дәрі-дәрмек өндірісіне қажетті аса маңызды шикізат.

Шілде айынан бастап Қызылорда қаласында құрамында сынабы бар, қуат үнемдегіш шамдарды жинау және залалсыздандыру шека жұмыс істей бастады.

Күзде Шиели ауданында қиыршық тас шығаратын зауыт іске қосылды. Бұған қоса, 2014 жылы барлық аудандарды қоса есептегенде жанадан 15 нысан ашылды.

Соңымен қатар, Қызылорда қаласы мен барлық 7 ауданда индустриалды аймақтар құрылды. Арал, Қазалы, Жалағаш, Шиели аудандарында облыстық өндіріс орндары үшін қажетті инженерлік инфрақұрылым таратылып, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру басталды.

Сырдария және Қармақшы аудандарындағы индустриалды аймақта салынатын инженерлік инфрақұрылымның жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде.

Кәсіпкерлікті қолдау шараларына келер болсақ, Елбасының кәсіпкерлерді тексеруге мораторий жариялағанын оң әсер еткенін айту керек. Бұған қоса, кәсіпкерлерге субсидия беру, кейбір несиелеріне кепіл болу, арнайы грант арқылы қаржыландыру жалғасын тапты. Айталық, 2014 жылы «Бизнестің Жол картасы» шеңберінде кәсіпкерлерді қолдауға 1 миллиард 400 миллион теңге бөлінді.

Нәтижесінде, бір жыл ішінде шағын және орта кәсіпкерліктің белсенділігі едәуір арттып, жеке кәсіпке бет бұрғандардың саны 5,5 пайызға өсті. Бытыр кәсіпкерлер қатарына жанадан 13 мыңнан астам адам қосылды. Қазіргі таңда облысымыз кәсіпкерлікті дамыту үрдісі бойынша аймақтар арасында бірінші орында!

Теңге бағамының өзгеруі облыстың банк секторына кері әсерін тигізген жоқ. Жыл бойында банктерде қолма-қол ақшаның айтарлықтай тапшылығы байқалмады.

Әлемдік экономикадағы қиындықтарға қарамастан біздің банктер қосырылдарда 2013 жылмен салыстырғанда 20 пайызға артып жеткен берді.

ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӨРІСТІ КЕЗЕҢ

2014 жылы білім беру саласына 66 миллиард теңгеден аса қаржы бөлінді. Бұл облыс бюджетінің 32 пайызы. Екі жыл ішінде білім беру саласының бюджеті 23 миллиард теңгеге артты.

Былырт мемлекет пен жеке кәсіпкерлердің күшіні біріктіріп, ынтымактаса жұмыс істеудің арқасында 130 жаңа балабақша ашылды. Аймақтағы балабақшалар мен шағын орталықтардың жалпы саны 611-ге жетті. Онда 42 мыңнан аса бала тәрбиеленіп жатыр. «Балапан» бағдарламасы бойынша балалардың 92,2 пайызы балабақшамен қамтылды. Ал мектепке даярлық бойынша көрсеткіш 100 пайызға жетті. Жұмыстарында инновациялық тәсілдерді қолданып, баланың ерте дамуына ықпал ететін балабақшалардың да саны артып келеді. Мысалы, бытырт 53 балабақша «Монтессори» технологиясымен жұмыс істеуге қажетті жабдықтармен жасакталды. Енді біздің алдымызда бір және үш жас арасындағы бүлдіршіндерді балабақшамен қамтуды көтеру міндеті тұр.

Екі жыл ішінде үш ауысымда білім беретін мектептердің проблемасын түпкілікті шештік. Апатты жағдайдағы 34 мектептің саны 20-ға қысқартылды. Биыл тағы 8 апатты деп танылған білім ошағының орнына жаңа ғимараттар салынып бітеді. Сонда облыс бойынша 12 ғана апатты мектеп қалмақ. Біз бұл бағыттағы жұмысты табанды түрде жалғастырып, апатты мектептер мәселесін түбегейлі шешуге міндеттіміз.

Былытғы Ұлттық бірінғай тестілеуге аймақ түлектерінің 72 пайызы қатысты. Біз білімі төмен, дайындығы кем балаларды УБТ-ға қатыспауға үгіттеп, көзбояушылыққа бармаймыз. Соның өзінде біздің балаларымыз білім саласы жақп өткен сайын артып келеді. Айталық, соңғы екі жыл ішінде УБТ-дағы көрсеткіш 63 пайыздан 74,3 пайызға өсті. Бытырдың өзінде 94 түлек «Алтын белгі» атағын қорғап шықты. Аталған көрсеткіш бойынша республикада алтынысы орыңға көтерілдік.

2014 жылдан бастап кәсіби мамандар даярлау үшін Ресейдің белгілі жоғары оқу орындарымен ынтымақтасып жұмыс істей бастадық. Қазіргі кезде 107 бала Мәскеу болат және қорытпа институты мен Санкт-Петербургті мемлекеттік технологиялық университетінде білім алып жатыр. Сонымен бірге, білім беруге арналған «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша 320 түлек қазақстандық жоғары оқу орындарының студенті атанды. Бұған қоса, 242 жас облыс әкімінің грантын иеленді.

«Ұстазы мықтының – ұстанамы мықты» дегендей біз оқытушылардың біліктілігін арттыруды да назардан тыс қалдырмаймыз. Мысалы, бытырт 1102 мұғалім мен 82 мектеп директоры «Назарбаев Зияткерлік мектебінің» бағдарламасымен біліктілік көтерді. Осы курстан өткен ұстаздардың жалақысы 30-дан 100 пайызға дейін өсті. Оған бөлек, біліктілік санатын мерзімінен бұрын көтеруге мүмкіндік алды. «Өрлеу» білім жетілдіру институтының республикалық және облыстық базасында 2 086 мұғалім қоса мерзімді оқудан өтті. Аталған жұмыстар биыл да жалғаса бермек. Білімі мен білігін ұштап, жаңа бағдарламаларды меңгерген ұстаздар мен мектеп директорларынан үлкен үміт күтімімізді ескерткім келеді. Олар жиян-төрегін жұмыс барысында оңтайлы қолданп, оқушыларға орайын тауып үйретушілер керек. Білім беру саласының үздіктерін марапаттап келеміз. Бытырт тағы 40 мұғалімге 1 миллион теңгеден сыйақы бердік. Қысқасы, ұстаздарды ынталандырып, әлеуметтік жағдайын түзеу мен білім-білігін жетілдіруге қыруар шаруа атқарылып жатыр. Ендеше, мұғалімдер осы істің өтеуіне УБТ-дан жоғары көрсеткіштерге көл жеткізіп, түрлі опминималдарды жеткізмездарын тәрбиелеуі қажет. Аймақтың салмағы сол болсын.

Техникалық және кәсіптік білім мекемелерінің оқу процесіне дуальды оқыту технологиясын енгізу бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Колледжілерді бизнесп өкілдерімен бірлесіп басқару тәжірибесін енгізіліп жатыр. Нәтижесінде, колледж түлектерінің жұмысқа орналасуы 64,7 пайызға жетті. Облыстағы 8 колледжде 10 жаңа мамандық ашылды. Қазіргі кезде облыстағы 32 техникалық және кәсіптік білім мекемелерінде 25 мыңға жуық студент білім алуда (103 кәсіптер және 157 мамандықтар бойынша).

Дүниежүзілік банк гранты есебінен 21 ұстаз Франция, Охения, Германия, Ресей және Белоруссияның оқу орталықтарында біліктілігін арттырып қайтты. Жағдайы төмен отбасылардан шыққан 512 студенттің шәкіртақысы гранттар арқылы төленуде.

«Дипломмен – ауылға» бағдарламасының табысты жұмыс істеп жатқаны белгілі. Бытырт 585 маманға үстемалы төленді, 42 адамға жеңілдетілген неснелер берілді.

Мамандардың айтуынша, денсаулық сақтау жүйесінің ең маңызды бөлігі – ел ішіндегі салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады. Ұстаздар да спорттың түпқа тәрбиеленудей ерекше орны бар екенін айтады. Сол себепті біз аймақта салауатты өмір салтын ұстанатындардың қатарын көбейтуге, бұқаралық спорт, жастар мен жасосірілдердің және кәсіби спортпен дамуына екекше мүдделіміз.

Бытырт облыста 26 спорт алаңы ашылды. Оның 4-і ауылдарда тірелді. Облыстық бюджет есебінен Теренөзек, Өйтеке би және Шаған ауылдарда спорт кешендерінің құрылысы аяқталды. «Еуразия» спорт кешені толықтай жөндеуден өтті. Демеушілер есебінен Қызылорда қаласында жағажай футболына арналған алаң салынды. Халықты спортпен айналысуға тарту, салауатты өмір салтын ұстануға үндеу мақсатымен 2 мыңнан аса спорттық іс-шара атқарылды. Осындай нақты жұмыстардың арқасында өмір халқының төрттен бір бөлігі спортты серік етті.

«Кайсар» футбол клубы Премьер-лига ойындарының турнир кестесіндегі үздік бестіктің қатарынан орын алды.

Облыс спортшылары республикалық чемпионаттарда 173 алтын, 143 күміс, 227 қола медаль иеленді. Азия және Әлем біріншіліктерінде 50 жүлдеге көл жетті. Оның ішінде біздің спортшылар 17 рет еліміздің Оңуранын ойнатты, 12 мәрте және тұғырғының екінші сатысына көтерілді және 21 қола медальды жеңіп алды.

Ауыр атлетикадан тек Қызылорда облысының ғана емес, тұтас мемлекеттің мақтанышына айналған Илья Ильин Алматыда өткен Әлем чемпионатында алған ерліктен алтыннан оқа тағдыны. Сол арқылы төрт дүркін Әлем чемпионы атанды. Серіе көтеруден жаһандық рекордты жаңартты.

Өткен жылы мәдениет саласында да ауқымды жұмыстар атқарылды. Айталық, жастарды классикалық музыкаға үйрету, бәсі билік бекзат өнерге деген құрмет пен сүйіспеншілігін арттыру мақсатында



облыстық филармонияның құрамынан классикалық-камералық оркестр құрылды. Нартай Бекежанов атындағы облыстық музыкалық-драма театры жанынан жастардың театралдық труппасы жасакталды. Облыс орталығында тұңғыш рет көркемсурет галереясы ашылды.

Елбасының тапсырмасына сәйкес Қорқыт ата кешенін толықтай жаңартып шықтық.

Ауылдағы мәдени мекемелерге қолдау көрсетілмегеніне де көл жыл болған екен. Бытырт осы олқылықтың орны толды. Елді мекендердегі мәдениет үйлері үшін 410 бірлік штат берілді. Барлық аудандарда мәдени-ақпараттық техникамен жасакталған «Зерде» автокөліктері алынды.

2014 жылы облыста 3 ауылдық клуб пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Шіелі ауданындағы Бейбітқұл, Қазалы ауданындағы Түктібаев, Жанакорған ауданындағы Бесарық ауылдарында су жаңа клубтар ашылды. Осы күнде 7 ауылдық клубтың, Жосалы кентіндегі музейдің құрылысы жүріп жатыр.

Республикадағы 9 бірдей театрдың қатысуымен Сәбира Майқанованың 100 жылдық мерейтойына арналған XXII республикалық театр фестивалін шақырып, сөтті өткіздік.

«ТҰРҚСОИ» Халықаралық ұйыммен бірлесіп дестүрлі музыка өнерінің «Қорық және Ұлы дала сазы» Халықаралық фестивалін өткіздік. «Сырдың елі – жырдың елі» дейді ежелден. Сырдың сырлы өнерін өзге елдерге таныту, дәріптеу мақсатында облыстық филармония Түркия, Өзбекстан және Татарстанға гастрольдік сапармен барды. Жанқожа Нұрмұхамбетұлының 240 жылдығына арналған шаралар республикалық деңгейде өтіп, Қызылорда қаласының орталығынан батырға ескерткіш орнатылды.

Бабадан жеткен бай мұраны көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа аманаттау біздің перзенттік парымымыз. Аймақтағы мәдени-тарихи орындар мен мұраларды сақтау, манзыландыруын ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени-мұра тізібіне енгізу үшін облыс әкімінің жанында ғылыми-әдістемелік Кеңес жұмыс істейді. Кеңес құрамына Алаштың айтулы азаматтары, қоғам және мемлекет қайраткерлері кіреді. Аталған Кеңестің шешімімен Жанакорған ауданындағы Сығанақ, Қармақшы ауданындағы Шірік Рабат, Қазалы ауданындағы Жанкент қалаларында қазба жұмыстары жүріп жатыр. Табылған құнды жәдігерлер ғылыми тұрғыдан зерттеліп болған соң облыстық музейдің иелігіне беріледі. Бұл жұмыстар биыл да жалғаса бермек.

Өмірлік маңызды бар, күнделікті тіршілікте аса қажетті салаларда атқарылатын жұмыстар туралы баяндап жатырмыз. Бірақ «адам ұрпағымен мың жасайды». Әрі-беріден соң, осы атқарылған жұмыстың барлығы жастардың жарқын болашағы үшін жасалып жатыр емес пе?! Азат Қазақстанның келешектегі тілігін өркін ойла, жаман әдеттен ада, білім мен білікті көс қанатына айналырған саналы жастардың қолына өтсе деп армандаймыз. Мағжан ақын айтпақшы, «Біз жастарға сенеміз!», зор үміт артамыз. Сондықтан оларға құр сеніп, үміт артып қана қоймай азамат боп қалыптасуына аяныбай атсалысамыз.

Соңғы екі жылда жастар саясатын қолдауға бағытталған қаржының көлемі 3 есеге артты.

«Жастар саясатын дамытудың Жол картасы» бойынша 23 әлеуметтік жоба іске асып, түрлі топтағы жастармен жұмыс жасалды. Жастардың бос уақытын текке өткізбеуі үшін, әрбір сіңіс жүйеге келтіріп, бір-бірімен қоян-қолтық араласып, пікірлесіп отыру мақсатында құрылған «Жастарды қолдау орталығының» атқарып отырған қызметі зор. 98 ауылдық округте жастар саясатымен айналысатын мамандар жұмысқа алынды. Жастарды маргиналды қылым-өдеттен арашайтын арнайы бағдарлама қабылданды. Мұндай бағдарлама басқа аймақтарда жоқ.

Нәтижесінде жастар арасындағы қылмыстың азюына көл жетті, көптеген жоғары жүзеге аса бастады. Қоғамдық тыныштықты сақтау бағытында бытырт ішкі істер органдарына қажетті қолдау көрсетілді. Мысалыға, 100 автокөлік сатып алынды, жедел басқару орталығын жетілдіріп, көшелерге қосымша бейнебақылау камералары орнатылды, материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаржы көлемі 6 есеге өсті. Соның да бір әсері ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы өкілдігінің Бас прокуратурамен бірлесіп жасаған сараптамасына сәйкес, Қызылорда облысы Қазақстандағы ең тыныш аймақ деп танылды!

Енді өмірлік даму мәселелеріне келейік. 2014 жылы облыс орталығын, Байқорып қаласы мен тіркетті елді мекендерді дамытып, қолдауға көл көңіл бөлддік.

Облыс орталығын дамыту туралы. Қызылорда қаласын дамытуға соңғы екі жылда 46

миллиард теңгенің үстінде қаражат бөлінді. Соның 26 миллиард теңгеден аса қаржысы 2014 жылы берілді. Бұл сома қаланың дамуына соңғы төрт жылда бөлінген қаржымен пара-пар.

Қала көшелері күрделі жөндеуден өтіп, жаңу жүргізілілер жоңы жөнделіп, жарықтандыру жұмыстары жалғасты. Облыс орталығының айналасында «жасыл белдеу» жасалуды бастап кеттік.

«Қызылорда тазалығы» серіктестігінің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін 100-ден аса арнайы техника алынды.

Қаладағы жолаушылар тасымалын тиімді ұйымдастыру мақсатында автобус паркін жаңарту жұмыстары жалғасуда. Бұған дейін газбен жүретін, заман талабына сай жасакталған және сымсыз интернетке жалғанған 20 автобус сатып алған едік. Енді жобаның екінші кезеңінде тағы 100 шакты автобус аламыз.

Мұратбаев көшесіндегі Сырдарияның үстінен салынатын көпір құрылысы басталды. Бұл дарияның сол жағалауын қарқынды түрде игеруге мүмкіндік береді.

Қызылқарма жерасты су қорын игеру жұмыстары да жалғасуда. Бүгінде 85 ұңғыманың 35-і бұрғыланды. Нәтижесінде қалалық су құбыры жүйесіне сапалы ауыз су беріледу.

Еуропалық Қайта құру және даму банкімен бірлесіп қаланы сумен қамтамасыз ету, су тарту, жылу-электр жүйелерін реттеп, көшелерді жарықтандыруды жаңаландырмақ жоспарымыз бар. Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өндеу зауытының құрылысын да осы банкімен бірлесіп бастаймыз. Сонымен бірге, «Қызылорда жылу-электр орталығын» жаңарту жоспарланду.

«Байқорып» кешенін бірлесіп пайдалану жөніндегі «Жол картасы» шеңберінде «Байқорып қаласы, Төртата және Ақай елді мекендерін әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспары» жасалып, белгілді. Оның жүзеге асыру үшін бытырт облыстық бюджеттен 1 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді.

Бытылғы 1-қыркүйектен бастап Байқорып қаласындағы 6 мектеп қазақстандық білім беру стандарттарына көшеді. Бұл мақсатқа қажетті қаржының мәселесі республикалық бюджеттен шешілген. Байқорыпда арнайы облыстық басқарма ашылды.

Тіркетті елді мекендерді дамыту (43) бойынша жұмыстар жалғасын жатыр. Бірінші кезекте аудандар мен қалаға қарасты 8 ауыл таңдал алынды (Арал ауданындағы Секеуіл, Қазалы ауданындағы Жанқожа батыр, Қармақшы ауданындағы Төртатам, Жалағаш ауданындағы Мәдениет, Сырдария ауданындағы Ақжарма, Шіелі ауданындағы Еңбекші, Жанакорған ауданындағы Түгіскен елді мекендері, Қызылорда қаласындағы Тасөбет кенті). Аталған ауылдардың өспірінендеуі үшін бір жыл ішінде 3 миллиард теңгеден астам даму қаржысы берілді.

Ендігі кезекте облыстық мәслихаттың сессиясында 16 тіркетті елді мекендерді дамыту жөніндегі кешенді жоспар бекітілді.

Күрметті жерлестер! Жоғарыда айтылғанының барлығы өткен жылдың қорытындысына арналды.

Шүкір. Өткен жылға өкпе жоқ. Ойға алған жұмыстардың барлығы дерлік атқарылды. Кейбір мәселелер біз қалағандай жылдам шешілмеді, бірақ оның да дәйекті себептері бар.

Ендігі қам-қарекет болашақ жайлы. Көнілді күтті қылатын қауіп-қатерлер мен тақымыз қысып ұстауға шықаратын түзеулерде де аз емес сияқты.

Олар негізінен мұнай бағасының төмендеуі мен Батысның Ресейге салып қойған санкцияларының салдарымен байланысты.

Әлемдік нарықта шикізат бағасының арзандап кетуі мемлекет қазынасына айтарлықтай шығын келтірді. Үкімет осының өзінде кеше ғана бюджетті 700 миллиард теңгеге қысқартуға мәжбүр болды.

Рубльдің құны құлдырап, қаржы нарығындағы қауқарының көмуі Ресеймен экономикалық одақта жұмыс істеп жатқан Қазақстан үшін де оңай тиіп жатқан жоқ. Сондықтан Келендік одақ пен Бірінғай экономикалық кеңістік аясында елімізге келетін тауарларды қатан қадағаламама болмайды. Өйткені көрінішін арзандап кеткен тауарлары өзіміздің өнім өндірушілердің ісіне келері келтірмеуі керек. Оғандық тауар өндірушілерді қорғау және жаң-жақты қолдау керектігін Мемлекет басшысы да ерекше атап өтті.

Евразиялық экономикалық одаққа кіргеніміз – өз ішіміздегі экономикалық және саяси шешімдерді өзгенің қолына бердік, тізгінді басқаға ұстаттық деген сөз емес. Мұндай маңызды шешімді өзіміз ғана шығара аламыз. Сондықтан ішкі экономикалық кеңістікте өз мүдделімізге

қарай өз ережелерімізді ұстанамыз.

Өрине, мұндайда ұлттық мүддені де жіберіп алмай, ортақ ниіткіте те ойлай отырып оңтайлы шешімін табуға парасат, шыдам мен табандылық керек болады. Өйткені бұл оңай, әрі тез реттеле қалатын шаруа қатарынан емес.

Қазақстан Бүкіләлемдік сауда ұйымына мүшелікке қатысты келіссөзді аяқтап қалды. Бұл ұйымдағы мүшелік те біздің ұзақ мерзімді ұлттық мүддемізден шығады. Аталған қадам Қазақстан мен Еуропалық одақ арасындағы экономикалық қатынастардың нығаюына оң әсер етері сөзсіз.

Сонымен бірге Бүкіләлемдік сауда ұйымының талаптары мен ережелері басқа ұйымдар алдында басымдыққа ие екенін ескеру керек. Яғни, Қазақстан сауда ұйымына кіргеннен кейін Келендік одақтың ережелері сауда ұйымының қағидаларына сәйкестендірілуі керек.

Келендік одақ құрылғаннан кейін Қазақстан бизнесі жалпы саны 170 миллион адамды құрайтын нарыққа есік ашты. Бұл жалпы құны шамамен жылына 198 миллиард доллар құрайтын жаңа нарық пен біздің кәсіпкерлер үшін ашылған жаңа мүмкіндіктер.

Евразиялық экономикалық одақ пен Бүкіләлемдік сауда ұйымына кірудің артықшылықтары мен өз қауіп-қатерлері де бар. Сондықтан оғандық кәсіпкерлер ширақ қимылдап, осы ұйымдардағы мүшеліктің пайдасын асырып, түзеулерін енесеруге тырысуы керек.

Халықаралық ықпалдастықтағы аса маңызды бағыттың бірі – Экономикалық ықпалдастық және даму ұйыммен қарым-қатынасты нығайту болмақ. Бұл ұйыммен бірлескен жұмыс мемлекеттік басқару, білім беру, денсаулық сақтау, еңбек және әлеуметтік қамту саласындағы саясатты дамытуға зор септігін тигізе алады. Мәселен, биыл Қазақстан осы ұйымның бастамасымен өтетін білім саласын тексеретін ПИЗА және ТИМС секілді зерттеулерге қатысады. Соның ішінде біздің де мектептеріміз бар. Білім басқармасы, аудан және қала әкімдері мен білім бөлімдерінің басшылары осыған мұқият назар аударуы тиіс.

Қысқасы, Қазақстанның халықаралық қатынастардағы көпекторлары бағыты жалғасын, барлық салаларда әлемде ашық мемлекет ретінде дами берсін. Ғаламның даулы мен жауыныа ұрылдырмай, қиын-қыстау сәтте көл ұшын соза алатын түрлі ұйымдармен және-жақты байланыс орната бергеннен зиян шекпейміз.

Өндірід дамуына оралсақ. Биыл мұнай қорының сарқылуды (оның бағасының арзандауы да) мен инфляцияның күшею салдарынан бізге қосымша салмақ түсуі ғажап емес.

Мұнай өндіруші компаниялардың дерегіне сүйенсек, осы жылғы мұнай өндіру көлемі бытыртқа қарағанда 400 мың тоннаға көмуі ықтимал.

Біз облыс дамуының негізгі басымдығы ретінде экономикамыз артараптандыруға күш салып отырмыз. Яғни, шикізат өндірісіне деген түзеуділіктен арылуды көздейміз. Бізде бұған балама жол жоқ! Тағы бір үлкен сынын алдында тұрмыз. Бірақ бұл жағдай біздің даму қарқынымызды төмендеткеннен, бағытымыздан айнаыта алмайды! Қосымша өсім бере, алатын жаңа бағыттар іздеуіміз қажет.

Мәселен, біз Үкіметке геологиялық барлау жұмыстарын кеңейту туралы ұсыныс жасалаық. Қолда бар көн орнындардағы газ өндіру көлемін ұлғайтуға мүмкіндік бар. Бір ғана Торғай алабында 100 миллиард куб газ бар екен.

Бүгінде мұнай компаниялары үшін ілеспе газды өндіру тиімсіз. Өйткені бағасы төмен. Еңбекті ақтамайды. Сондықтан газ факторы мол ұңғымаларды жабды немесе газды өртеуге мәжбүр.

Не істеу керек?

Біз газдың құнын көтеріп, мұнай өндірушілерге тиімді баға қонуды ұсынып отырмыз. Мәселен, баға 100 доллар болса, газ өндірісі екі есеге артады, жылына 3 миллиард кубометр газ өндіруге болады.

Ал жергілікті тұрғындар үшін газдың бағасы қымбаттамайды. Негізгі шығынды экспорт арқылы қайтарамыз.

Сондай-ақ, жаңа газ кеніштерінің ашылуы мұнай-газ саласындағы қызмет көрсету көлемінің ұлғаюына екенді. Осылайша, мұнай өндіру көлемінің төмендегені де білініеі кетеді.

Сонымен қатар, біз 7 шақырым терендікте жүретін параметрлік бұрғылау жобасын ұсынып жатырмыз. Осы жоба қолдау тауып, «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасына кірген жағдайда, біз облыстағы минералды шикізат базасын едәуір кеңейтіп алар едік.

Енді баршаның көкейіндегі «ертеңгі күн не боламқ?» деген сұраққа көшейік.

Ертеңгінің қамында жұмыс орындарының қысқармауы мен баға тұрақтылығы басты мәселе болмақ.

Біз аймақтағы барлық кәсіпорындардың басшыларымен тығыз жұмыс істеп, жұмыс орындарын қысқартпай, еңбекқимының іркілісіз төленуін қамтамасыз етуге барымдығы салып жатырмыз. Кейбір кәсіпорында жағдайдың маз еместігін, пайда емес шығынға жұмыс істеп жатқандар барын да білеміз. Бірақ, солай екен деп, салымыз суға кетпесін. Халықтың күйі мен елдің тыныштығы тек мемлекет емес, іс басында, ел ағасы болып жүрген кәсіп иелері де жауапты екендігін ұмытпасын. Сондықтан бірлесі отырып елдің енесін түсірмеудің барлық амалын жасауға міндеттіміз.

Осы кездің өзінде кейбір мекемелер айлықты кешіктіріп жатыр. Енді бір жұмыс орнын қысқартуды қарастыру үстінде. Біз мұндай кәсіпорындардың әрқайсысымен жеке-жеке сөйлесіп, қиындықтан шығар жолды бірге қарастырып жатырмыз.

Өндіреті орта және ірі компаниялармен мемориандарға қол қойып, жұмыс орындары мен жалдаушы қалпында сақтау туралы келісімге келдік. Бытырдың өзінде аймақтағы барлық кәсіпорындар ұжымдық несиендік-шарттар жасалды. Бұл жұмыс берушінің қызметкерлері алдындағы әлеуметтік міндет-темелерін орындаудыға жауапкершілігін арттырды. Ал адамдар зауыт директорларының құрғақ сөзіне емес, құқықтық жағынан негізделген құжатқа сүйеніп жұмыс істейді. Жұмысшылардың құқын қорғауды да өзіміз ойлауымыз керек. Өйткені олардың кейде сауаты мен өресі жете бермеі. Аяғында ойып жаты, тағы да мемлекеттен пана іздейді.

Бір мысал айтайын. «Батыс Еуропа» – Батыс Қытай» кужеолының Арал ауданындағы бөлігінде жұмыс істеген «ІМСУ» серіктестігіне мынадай жағдай болды. Жалақыларын уақытылы ала алмаған (66 миллион) 270 жұмысшы дүрліктеді. Бір қызығы, олардың барлығы дерлік әйелдер сияқты?!

Мәселенің мән-жайын анықтай бастадық. Сонда мекемеде ұжымдық келісім-шарт дегенді былай қойып,

қарапайым жұмысқа алу туралы бұйрық пен екі жақты жасалатын келісім-шарт атымен болмаған! Мұндай жағдайда жұмыс берушіге не деп талап қою аласың? Ештеңе дей алмайсың ғой. Нистегіз жұмыс беруші мен сауатсыз жұмысшылар арасында тағы да мемлекет (әкімдік, прокуратура) арағайын болды. Әкінішке орай, адамдарымыз осы күнге дейін өз құқықтарын қорғауды білмейді. Осының салдарынан соқталдай азаматтар айылын алу үшін әйелі мен бала-шағасын ұлардай шулатып, бізге жіберген. Өйткені өздерінде бет жоқ!

Өрине, біз араласып мәселе шешілді. Бірақ еңбек қатынасына екі тарап та жауапты болуы керек. Ол жауапкершілік заң аясында құжатпен бекітіліп, рәсімделуі тиіс.

Дөңгелегенін дүние бір орында тұрмайды. Бәрі де алмақезек. Кейбір кәсіпорындар түрлі қиындықпен беттебет келсе, енді бірі жаңа жұмыс орындарын ашуда. Биыл түрлі салада жаңад

ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУДЕ ҚОЙЫЛҒАН САУАЛДАР

Алғашқы сұрақтар облыс әкіміне онлайн режимі арқылы түсті:

Арал қаласының тұрғыны Оқтөбрі Ахметов:

— Қазіргі қаржы дағдарысы облыс экономикасына қаншалықты әсері бар. Оның жұмыс орындарының қысқаруына әсері бар ма?

Жауап: — Арал ауданында үлкен инвестициялық жобалар жүзеге асырылауда. Аудандағы ас тұзы мен техникалық тұз өндіру өндірісі жаңғыртылды. Бұрын «Аралтұз» АҚ жылына 120 мың тонна тұз өндіріп келсе, енді оның өнімділігі 78 пайызға, яғни 213 мың тоннаға артты Кәсіпорын қуаты қайта құрудан кейін талайына 200 мың тонна тұзға дейін өсті. Оның ішінде 170 мың тонна ас тұзы, 30 мың тонна техникалық тұз. «Аралтұзда» жүздеген жұмыс орны сақталып, жанадан 343 жұмыс орны ашылды. Кальцийлі сода өндірісі зауытының жобасы дайындалуда.

«Аралтұз» АҚ вице-президенті Нағашыбай Әуезханов:

— Бүгінгі таңда кәсіпорында қосымша секторлар ашу жоспарлануда. Демек, жуық арада кәсіпорындағы жұмыс орны бір мыңға жуықтайды. Жұмыс орындары қысқармайды.

Қармақшы ауданының тұрғыны:

— «Бітер істің басына жақсы келер қасына» дегендей, екеніз бастаған істі жалғастырып, Түркі дүниесінің абызы — Қорқыт бабамыздың кесенесін жаңа заман талабына сай, қайта жаңғырттыңыз. Ал сәулетті нысанға айналды. Енді осы кешенді бүкіл әлем халқына танытатын жағдай жасау керек сияқты...

Жауап: — Кешенді жаңарту туралы 2013 жылы Елбасы ұсыныс жасаған болатын. Оның жобасы бекітіліп, соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Сәті келгенде жұмыс сапары барысында Елбасы барып көреді деп ойлаймыз. Ендігі міндет Қорқыт ата мемориалдық кешенін бүкіл Түркі әлемінің рухани орталығына айналдырып, ЮНЕСКО-ның мәдени мұра каталогына кіргізу. Сіздер білесіздер, «ЭКСПО-2017» көрмесіне 5 млн-нан аса туристер келеді деп жоспарлануда. Біз көрмеге келген қонақтар тек бір жерден қайтпасын деген ой айттық. Көрмеге келушілер Астанадан Байқоңырға ұшып келіп, ғарыш айлағын көрсе, сонымен бірге Қорқыт ата кешенінде болса деген ұсыныс жасалды. Оны Елбасы қоллады. Амандық болса, ол жоспар жүзеге асады деп сенеміз. Туристер демалысын десе Камбаш көлі жағасындағы санаторий-профилакторий қызметі лайын тұрады. Осылайша ол туристік үлкен рухани орталыққа айналады деп ойлаймыз.

Жалағаш ауданы еңбек ардагері Тасқара Байниязов:

— Аудан орталығындағы №246 орта мектепке өткен жылдан бері көптеген жөндеу жұмыстары жүргізілді. Енді сол жұмыстың уақытылы және сапалы орындалуы Сіздің назарыңызда болса деп едім.

Жауап: — Бұл білім ошағы Жалағаш ауданындағы ең үлкен мектеп. Оны жөндеуге 380 млн теңге шамасында қаржы бөлінген. Өйткені оған қосымша ғимараттар салынды. Былтыр бюджеттен 50 млн теңге қаржы жұмсалды. Биыл бюджеттен қаржы бөліне, жұмысты жалғастырамыз. 1 қыркүйекке дейін аяқтай алмағанмен, жыл соңына дейін бітеді деп болжап отырмыз.

Мұнан кейін облыс әкімі Қ.Көшербаев залдағылардың сұрақтарына жауап берді.

Өлшігер Қарлашев, «Жас Отан» Жастар қанатының хатшысы:

— Қырымбек Елеуұлы, өзіңізге білгілі, өткен жылы облысымыздың 100-ден астам жасы Ресей елінегізге жоғары оқу орындарында білім алуға аттанды. Биыл да дағдарысқа қарамастан Ресейде білім алам деушілерге қолдау көрсетіле ме?

Жауап: — Біздің Қызылорда облысының 66 шаруашылығына қажетті мамандықтар бойынша Ресейдің бұрынғы Кеңес Одағындағы ең сапалы білім беретін жоғары оқу орындарымен келісіп, осы мүмкіндікке қол жеткіздік. Қазір 107 сырбойылық жас Мәскеу мен Санкт-Петербургте инженерлік мамандығы бойынша оқып жатыр. Биыл да Мәскеу құрылыс институты, Тимирязев аграрлық университеті секілді бірнеше серіктесілік жоғары оқу орындарымен келісіп отырмыз. Билығы ерекшелік, Ресей үкіметі есебінен 300-ге жуық грант бөлуге келісім беріп отыр.

Қайрат Қожамжаров, Жанақорған ауданының тұрғыны:

— Жанақорғандағы Шалқия кен байыту фабрикасына жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын білеміз. Бұрын да бұл фабриканың жұмысы басталып, кейін қайта тоқтап қалған болатын. Сондықтан тағы да сол жағдай қайталанып, кәсіпорын тоқтап қалмай ма деген қорқынышымыз бар. Сіз бұл кәсіпорынның келешегі туралы не айтасыз?

Жауап: — Бұған ешқандай алаңдаудың қажеті жоқ. Бұл кәсіпорынды Елбасы жақсы біледі. Біз, қызылордалықтар, Елбасына тікелей алғыс айтуымыз керек. Себебі, кезінде Шалқияны «Самұрық Қазынаға» сатып алу туралы нақты тапсырма беріп, сатып алынды. Соның негізінде қазіргі таңда 76 млрд теңге инвестициялық жоба жасалып жатыр. Жобалық-сметалық құжаты дайын. Билығы екінші жартыжылдықта құрылысы басталады.

Кішкене Айбосыннов, Арал ауданының тұрғыны:

— Құрметті, Қырымбек Елеуұлы, өткен жылы қыста аудан орталығын елді мекендермен байланыстыратын көпірде төтенше жағдай орын алған болатын. Сол көпірдің маңыздылығын ескеріп, қалыпқа келтіру шараларын қолға алдыңыз. Дегенмен, сізден үлкен өтініш, көпірдің тезірек ел игілігіне берілуіне ықпал етесіз.

Жауап: — Сіздер алаңдамаңыздар. Көрібөгеттегі апатты жағдайдағы көпір міндетті түрде биыл қайта салынады. Оған облыстың бюджетінен 62 млн теңге қаржы қаралып отыр. Жобасы жасалынды. Облыста 133 кішкене ғана көпір бар, бөрі бақылауымызда.

Оразали Бекпанов, Қазыаудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

— Құрметті, Қырымбек Елеуұлы, өзіңіз аймақты басқарып келе жатқан уақыттан бері көптеген мәселелер кезек-кезегімен шешімін тауып келеді. Дегенмен, аудандағы проблемалар таусылар емес. Біздің аудан орталығы

— Өйтеке би кентінде су мәселесі орын алып отыр. Яғни, кенттің шет аймақтарында судың келісі дұрыс емес. Осыны шешуге ықпал етсеңіз

Жауап: — Өйтеке би кентінің даму жоспарына сәйкес, Өйтеке би мен Қазалының ортасындағы жерге инженерлік-инфрақұрылымды қамтамасыз ету керек. Оған жоспар жасалынған. Менің есебімше, оған 500 млн теңгеге жуық қаржы бөлінген. Соның жартысы өткен жылы жұмсалған, биылғы жылы да бюджетте бар. Шешімін табады.

Асхат Қошманов, «Арай-Шұғыла» саяжай төрағасы:

— Әкім мырза, біздің саяжайға қарасты №288 подстанцияны қаладағы КРЭК-тің балансына алуға ықпал жасасаңыз деген өтінішпен келдім.

Жауап: — Саяжайлардың жағдайын жақсы білем. Саяжайлардағы электр желілерінің 70 пайызының тозығы жеткен. Қазір саяжайлар мәлтек аудандарға айналып барлды. Бұрын уақытша тұратын болса, қазір үй салып, тұрақты тұрып жатыр. Сондықтан орталық есепшот болмайды, жеке есепшот ашу керек. Осы орайда КРЭК мекемесінің басшысы мен қала әкіміне және ЖХХ басшысына КРЭК-ке қабылдау, тұрақты түрде электр қуатымен қамтуды тапсырамын. Үшеуініз осы мәселені шешесіздер.

Ынтымақ Бораңбайұлы, Шиелі ауданының тұрғыны:

— Құрметті Қырымбек Елеуұлы, өзіңізге белгілі, бірнеше жылдан бері ауданымызда мия тамырын заңсыз жинау фактілері орын алуда. Осы келенсіздіктің алдын алуға қандай шаралар көріледі.

Жауап: — Жаңа ғана бейнероликтен көріндіздер, Жалағаш пен Шиеліде екі мия зауыты іске қосылды. Біз үкіметке мәселе қойып, мия тамырын респу-бликадан тыс жерге шығаруға тыйым салу жөнінде ұсыныс бердік. Енді ішкі істер органдары осыған байланысты жұмыс жасауда. Қазір мия тамырының бір келісі 200 теңгеден келіп отыр. Қазір үш өнім шығарсақ, жақында бес өнім шығаруға көшеміз. Болашақта бұл бізге өте тиімді болмақ. Қызылмия бізге үлкен пайда әкеледі. Бұл жерде әлде де бірнеше фармацевтикалық кәсіпорын салуға болады. Енді қызыл мияға қатысты бейберекетсіздікке жол берілмейді.

Сабыр Серікбаев, Жанақорған ауданы, Түтіскен ауылының тұрғыны:

— Құрметті Қырымбек Елеуұлы, Жанақорған ауданында көп жылдан бері шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірі — Түтіскен ауданындағы жер мәселесі. Кезінде жер үлесіміз «Түтіскен тұқым» шаруашылығына өткен болатын. Сол үлесімізді қайтып ала алмай жүрген жағдайымыз бар. Осы мәселені шешуге жұмыс жасап жүргеніңізді де білеміз. Сұрағым, осы жер мәселесі шешімін таба ма?

Жауап: — Мәселе негізінде шешімін тапты. Өткен жолы ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбеков мырзаны шақырдық. Сонда мәселе көтерілді. 1400 гектар жерді шаруашылық өзіне алып қалады да, қалған жер сіздерге қайтарылады. Енді жеке-жеке бөлініп кетпей жұмыс істесіздер. Егер бөлініп кетер болсаңыздар, майда шаруашылықтар субсидия ала алмайды, мемлекеттен қолдау болмайды. Сондықтан 3-4 шаруашылықтың негізінде біріге жұмыс жасануыздар. 17 жылдан бергі мәселе оң шешімін тапты. Басқа аудандарда да солай. Жерлеріңді шешіп бердік, енді сендерге аманат, бөлінебі жұмыс істесіздер.

Дәулет Токсанбаев, қала тұрғыны:

— «Басшысы жақсы ел озады» деген бар, облыс көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар халықтың назарында. Еңбегіңіздің ел көңіне шыға беруіне тілектеспіз. Менің сұрағым, баспана мәселесіне байланысты болмақ. Қала тұрғындарын және кезекте тұрған кісілерді баспанамен қамту мақсатында қандай жұмыстар атқарылды?

Жауап: — Мен өзіміз осы сұрақ болатын шығар деп мына цифрлар-ды ала келгеніміз, айтып шығайын. 2015 жылдың соңына дейін 14 жылғы мемлекеттік бағдарлама аясында және инвесторлар есебінен құрылысы басталған 20 үйдің және биылғы жылы құрылысы басталатын 23 үйдің, барлығы 43 үй, 2406 пәтер тұрғындардың игілігіне табысталады деп отыр-мыз. Осы кезде 5600 жұмыс орны ашылды. Қайдағы дағдарыс, 2406 пәтер тапсырайын деп отырмыз. Кеңестер кезінде де бір жылдың ішінде Қызылорда қаласында 43 үй салу жағдайы болмаған. Бірақ бізде халықтың саны тез өсіп отыр, сондықтан тезірек қимылдауымыз керек. Статистикалық есеп бойынша 754 мың тұрғын бар, ал медициналық есепте 823 мың адам тұр. Мен екінші цифрға сенемін. Бұл дегеніміз, жыл сайын біздің халқымыздың саны бес пайызға өсіп отыр деген сөз. Осылай жалғасса алдағы 10 жылда біздің халықтың саны 1млн-ға жетеді деген сөз.

Қызылорда қаласының тұрғыны:

Біздің уақыт белдеуіміз Астана уақытымен теңестірілген. Бұл қыс кезінде оқушылардың мектепке қатынауында үлкен қиындықтар туырауда. Денсаулығына зиян келеді, қауіптілігі де аз емес.

Жауап: — Бұл өте дұрыс. Парламенттегі депутаттарымызға айттық. Біз өз тарапымыздан Метрологиялық комитетке ұсыныс жолдадық. Комитет қолдап отыр. Уақыт белдеуін туралау Үкіметтің құзырындағы мәселе. Үкіметке ұсыныс беріп отырмыз. Мәселе оң шешіледі деген үміттеміз.

Өтеген Жаппарханов, ардагер журналист:

— Облыс ардагерлері атынан жасалған жұмыстарға оң баға беремін. Батаның ең күштісі «Құдай бергенін қайтып алмасыз» дейді. Сіз облыс басшылығына келгенде құрылыс бітпей тұрған 34 нысан бар еді. Соның 33-нің жұмысы аяқталғанын ақпарат құралдарынан біліп отырмыз. Ал Талсуаттағы онанту орталығының құрылысы қашан бітеді?

Жауап: — 2013 жылдың басында әртүрлі себеппен құрылысы аяқталмай қалған әлеуметтік нысандар болды. Оның ішінде жемқорлық фактілері салдарынан тоқтап қалғандары да бар. Мен Манарбек Еспенбетов басқарған қызылордалық құрылысшылар қауымдастығына рахмет айтқым келеді. Құрылысты аяқтау туралы осы азаматтарға өтініш айттық. Басқа мүмкіндік болмады. Сол азаматтардың арасында 34 нысанның 33-ін өткіздік. Ең соңғысы Талсуаттағы жүйке аурулары диспансері.

НҰР ОТАН

Кеше «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының кезектен тыс XVII конференциясы болды. Басқосу партия филиалының төрағасы, облыс әкімі Қ.Көшербаевтың төрағалығымен өтті. Шараға партияның аудандық филиалдары төрағалары, олардың бірінші орынбасарлары, мәслихат депутаттары, партиялық бақылау-тексеру комиссия-сы мен жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңестің мүшелері, «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

ЖЕТЕКШІ ПАРТИЯ ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕТІЛДІРЕ БЕРЕДІ

Конференцияда алдымен партия филиалының 2015 жылы атқарылатын ба-сым бағыттары мен міндеттері каралды. Со-дан кейін «Жас Отан» жастар қанатының ІІ съезінде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында берілген тапсырмалардың орындалу барысы сөз болды және облыстық партия филиалы Саяси кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілді.

Жиында баяндама жасаған партияның филиал төрағасының бірінші орынбаса-ры Наурызбай Байқадамов Елбасының жаңа экономикалық бағдарламасы халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсартуға бағытталған нақты біртұтас жоспар екендігін айтты. Бұған қоса, ол мемлекет қаржысы мен мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына партиялық бақылау жасау сапасы қуысетінін жеткізді. Мемлекеттік қызметкерлердің халық алдын-дағы жауапкершілігін тікелей арттыру және мемлекеттік органдардың бақылаудағы партияның ролін арттыратынын тілге тиек етті. Ең бастысы, партия қоғаммен байланыс жұмысын одан әрі жетілдірмек.

— Шалғайдағы шаруаның, ауылдағы ағайынның мұң-мұқтажын орталыққа же-дел жеткізуде ондай қызметін пайдалануды күшейтеміз. Мәселен, қоғаммен байланыстың бір әдісі ретінде «Қазпочта» акционерлік қоғамымен бірлесіп, Skype жүйесі арқылы тұрғындармен бейнебайланыс жасауды қолға алып жатырмыз. Қазіргі күні аймақ бойын-ша үш ауданда осы шаруа жолға қойылуда,

ПІКІРЛЕР



Бүгінде облысымыздың әлеуеті қарқынды дамып келеді. Қай салада болмасын, барлық жағында өсім мен өркендеу бар. Мәселен, бір ғана көлік инфрақұрылымын алар болсақ, облыстық, аудандық автомобиль жолдары және елді мекен көшелерін қайта жаңғырту мен күрделі жөндеу жұмыстарынан бөлек, өткен жылы «Батыс-Еуропа-Батыс-Қытай» автодәлізінің, «Жезқазған-Сексеуіл-Бейнеу» жаңа темір жол желісінің құрылысы аяқталып отыр. Алдағы уақытта “Қызылорда-Жезқазған” бағытындағы автомобиль жолдары қайта жаңғыртудан өтпек. Бұл аймағымыздың еуропалық бағыттарға тау-арларды еркін экспорттауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, халықтың жұмыспен қамтылуына да өз септігін тигізбек. Бұған қоса бірқатар елдерге тікелей әуе қатынасы жүретін болады деп күтілуде. Бұл – өңірдің қол жеткізген жетістігі. Алдымызда қиын кезең келе жатыр. Бірақ соған қарамастан, еліміз, оның ішінде Сыр елі осы қарқынмен алға жылжыса, ол қиындықта да еңсеретіндігімізге сенімдіміз.


Жәнібек НҰРҚЫШҰЛЫ, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы.



Облыс әкімінің бер-ген есебінен өңіріміз-дің өткен жылды табыс-ты қорытындылап отырғандығын аңғаруға болады. Расымен де, жыл-дан жылға аймағымызда оң өзгерістер орын алып, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсаруда. Көзге көрінетіні, көрінбейтіні бар қаншама ауқымды тірліктер

жасалып, бүгінде халықтың игілігі жолында жұмыстар атқарылууда. Мұның барлығына көңілім толады. Ең бастысы, аймақты газдандыру мәселесі шешімін та-буда. Яғни, облыстағы ауқымды жобалардың бірі «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының құрылысы аяқталып, осы уақыттан бастап Арал ауданын газ-бен қамту жұмыстары іске асырылып жатыр. Бұл жергілікті халықты қуантып отыр. Өйткені, бір жағынан аудан тұрғындары жұмыспен қамтылатын болса, бір жағынан көгілдір газға қол жеткізбек. Кіші Аралда тіршілік тіні қайта жалғасын тапты. Балық шаруашылығы қолға алынып, өндірілген өнім елімізді ғана емес, алыс-жақын шет мемлекеттерге де экспорт-талуда. Өңірімізде ауланатын балықтың 5-6 мың тон-насы осы Кіші Аралдың еншісінде. Жаһанды дағдарыс жайлаған тұста мұндай жетістікке жетуіміз, еліміздің экономикалық дамуының осал еместігін көрсетсе ке-рек.

Алдаберген ЖОЛАНОВ, «Нұр Отан» партиясының Арал аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.



Бүгін, міне, облыс әкімі аймақтың дамуы мен өсіп-өркендеуі жолын-да атқарылған жұмыстар мен жеткен жетістіктерді саралап, алдағы уа-қыттағы басты мақсат-міндеттерді айқындап берді. Индустриялық ай-мақтар құру, ауыл ша-руашылығын жаңғырту, кәсіпкерлікті дамы-ту өңірдегі негізгі басым бағыттар болып отыр. Әсіресе, индустриалды-инновациялық дамудың жолға қойылуы, облысымыз үшін өзіндік маңыздылығымен

ерекшеленуде. Өйткені, аймақ экономикасын әртараптандыру арқылы бюджетіміз нығайып, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсаруда. Өткен жылы осы бағыт бойынша бірқатар нысандар, құрылыс мате-риалдары өндірісі, нан шехы, әк зауыты, мия тамырын өңдейтін зауыттар іске қосылған. Бұл аймақ экономи-касы көкжиегінің кеңейіп жатқандығын білдірсе керек. Сонымен қатар, білім саласының да қазіргі қарқыны жаман емес, ауыз толтырып айтарлық жетістіктер жетерлік. Оның басты дәлелі ретінде инновациялық әдістемені енгізу мақсатында мектептердің «Монтес-сори» білім жетілдіру кабинеттерімен жабықталуын, мемлекеттік бағдарламалардың өз деңгейінде орындалуын, дүниежүзілік банк гранты есебінен педагогтардың шет мемлекеттерде біліктілік арт-тыру курстарынан өтуін, жағдайы төмен отбасы балаларының гранттарға қол жеткізіп, олардың білім алуларына жақсы мүмкіндіктердің жасалуын ерек-ше айтуымызға болады. Бұл облысымыздың білім саласында алға ілгерлеудің бар екендігін білдіреді. Сондықтан өткен жылы осындай ауқымды жұмыстар жасалса, биылғы жылы да аймағымыз мол жетістікке жетеді деп ойлаймын.

Ләззат БАЛТАЙ, №144 орта мектептің директоры. Қызылжарма ауылы.

Аймақ басшысы ел алдындағы кезекті есебі-нде жанар-жағармай, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткі-зіп беру қызметі, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыру, тыңайтқыштар құнын арзандатуды субси-диялау бойынша жұмыстар жалғаса беретінін ай-ты. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін отандық өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті күріштің тұқымымен 50 пайызға дейін қамтамасыз етуді алға қатты етіп қойды. Бұл ауылшаруашылық саласына деген үлкен қолдау деп білеміз.

Ел игілігіне орай «Байқоңыр» ӘКК ҰК акционерлік қоғамы арқылы басымды инвестициялық жоба-лар биыл да жалғасатын табатыны кәсіпкерлер үшін үлкен олжа. «Байқоңыр» инвестформуы арқылы біз көкжиегімізді кеңейтеміз. Аймақ басшысының осын-дай қолдауы арқасында өңірде кәсіпкерлік жедел түрде дамитынына сенемін.

Бердібек ҚАДЫРОВ, «Шаған Жер» ЖІПС төрағасы.

Елі мен жері бай Сыр елі тұрақты дамып келе жатыр. Оған дәлел, аудан орталықтары мен ауыл-аймақтардың бет-бейнесі, қаламыздың көркем келбеті.

Биыл облыс орта-лығында салынатын көпштерді тұрғын үй-лер құрылысы, кезек-те тұрған жас отба-сылардың баспана мәселесі шешілетініне қуанамын. Сыртқы дағдарыс-тарға қарамай, төмен пайызбен сатып алу немесе жалға беру мақсатымен салынатын үйлерге қаржы тартыла-тынына разамын.

Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлеріне деген құрмет түгесілмей, әлеуметтік қолдау көрсету жалғаса бергені жақсы үрдіс. Балабақшаларда мүмкіндігі шектеулі балалар үшін мамандандырылған топ ашы-латыны мүгедек балаларға деген қайырымды шараның ең үлкені деп білемін.

Тамара ТӨЛЕБАЕВА, зейнеткер.



«ДОСТЫҚ ҮЙІ» ЖАЗДА АШЫЛАДЫ

Сейсенбі күні аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев облыс орталығындағы бірнеше нысандарды аралады. Әсіресе орта білім беретін мектеп асханаларының жұмыстарымен танысты.



Бүгінде Қызылорда қаласындағы білім орталарында орналасқан асханаларға жаңа технологиялар енгізіліп жатыр. Алматылық «Kaz Multi Catering» серіктестігі қаланың бес мектебінде «Күнары тағам» жобасы асын-да тамақтандыру ісін ұйымдастыруды қолға алып отыр.

Облыс әкімі №264 және №101 мектептерінде болып, асханаларының жөндеу жұмыстарымен және материалдық-техникалық базасымен танысты.

Мердігер мекеме «Kaz Multi Catering» ЖІПС басшылығының айтуынша, компания былтыр мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында озық жобаны жүзеге асыру бойынша байқауды жеңіп алған. Бұл компания Сочи қаласындағы Олимпиада кезінде қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру тәжірибесін негізге алады.

— Қызылорда елімізде жоба жүзеге асыру-

латын алғашқы өңір болып табылады. Яғни, бірегей жобаны ұсынаымызда жергілікті билік бірден қолдады. Тозығы жеткен құрал-жабдықты жаңа әрі сапалы қондырғылармен алмастырып, асхана қызметкерлерінің жақасыын көтердік. Құрал-жабдықтың қуаттылығы мектеп ішінде шағын ком-бинат ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Өріптестігіміз ұзақ болып, болашақта осы ісімізді жалғастырсақ дейміз, — дейді компа-ния директоры Арман Кәрімжанов.

Қаланың бес мектебінің асханасына жөндеу жұмыстары жасалып, қазіргі заманға сай құралдармен жабдықталған, оқушылары толыққанды ыстық тамақпен қамтылған. Екі мектептің жөндеу жұмыстарының құны 30 млн теңгені құрайды.

ҚОЛӨНЕР

ӘУЕЗ АСПАПТАРЫН АУЫЛДА ЖАСАЙДЫ

Қосүйенкі тау бөктерінен құлай аққан бұлақ суының жылғасын жағалай қоныстанған шағын ауыл. Ирелендеген сызық бойын құалай орналасқан ауыл үйлерінің басы мен аяғын аралап шығу үшін қозы қайырым уақыт жоғалтарыңыз анық. Сондықтан да егде тартқан кісілердің кейбірі жорға тайпалтып, кейбірі есекті тыпымдастып бір-біріне қатынап жүргені. Осындағы жүз жиырма отбасында мыңның үстінде халық тұрады. Ауыл бір шетте, шағындау деп есептелінгенімен Қосүйенкіден шыққан атақты адамдар көп, академиктер, түрлі сала ғалымдары, мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушылар да жеткілікті. Алланың нұры жауған жер деп жатады, бәлкім, рас та шығар. Өйтеуір, елді елең еткізер жақсы жаңалықтар осы жақтан шығып жатса, ешкім де таңырқай қоймайды, өйткені, бұл заңдылық секілді. Иә, «аулымызда домбыра жасайтын жігіт бар» дегенде біз де елең еткенімізбен, оншалықты таңырқай қоймадық, өйткені, өнердің кені бұл елді мекенге жат еместігін жоғарыда айтып өткен секілдіміз. Мектеп директоры Аяб ниетімізді білген соң, лезде әлгі әуез аспаптарын жасайтын жігітті жанымызға шақыртып та берді. Міне, шеберхана ішінде тұрмыз.

— Оспанханым, — дейді жұхалтан келген жігіт. — Мектепте еңбек технологиясын жан дәріс беремін, жұмыстан тыс уақытта, үйімдегі шеберханада түрлі аспаптарды жасаймын.

— Тек музыкалық аспаптарды ғана емес, күнделікті тіршілікке қажетті тұрмыстық заттарды да жасай берей, — деп әңгімеге араласты, оның жанына келген құба келіншек күле сөйлеп.

— О, онда Оспанханның нағыз бесапп өнерінің өзі болды ғой, — дейміз біз де әңгіме арқауы жалғасатындығына қуанғандай кейіпте. Өзін Мейрамқұл деп



таныстырған келіншек те көпшіл, жайдары мінезді болып шықты, сөзіміз аузымыздан шығысымен-ақ:

— Өрине, өнерлі. Өнерлі болған соң, Сунакатадан осында келген жоқпын ба, етегінен ұстап Осекеннің, — дейді тілшімізді жатырмамай.

— Өзін келе алмас едің, мырза жігіт жектей келмесе, — деп әзілге уыт араластырып жіберді тағы бірі осындағылардың. Иә, бұралқы сөз күлмекке жақсы, дегенде, әр сөзді пияздың қабығындай бір-бірілеп аршып отыруға уақыт тапшы, сондықтан білмекке ниет еткен шаруамызға көшпелік.

Ұсталық сүйегінде бар екен бүгінгі кейіпкеріміз — Оспанхан Мұсаевтың. Атасы Артайдан бастап Маханбет, Ержанға

жалғасып келе жатқан шеберлік көрінеді. Ол кісілер ат салатын ер шапса, жаңа айтылған күбі, келі-келсаптың түр-түрі осы ауыл шеберлерінің қолымен шабылған еді. Сол үрдіс әлі үзілмей, орда бұзар отызынды аттап кеткелі тұрған бұл жігітке қонған секілді. Оның үстіне шеберлігін шыңдау мақсатында Қызылордадағы жоғары білім ордасында төрт жыл білім алып, технология пәнінің маманы болып елге оралды. Содан бері он төрт жылың сырғып өтіп, бұл күндері оның тәжірибесі толыса түскен сияқты. Өйткені, Оспанхан шебер жасаған домбыра, қобыз аспаптары, күбі мен келі-келсаптары алыстарға жөнелтіліп жатыр. Жақында ғана Шардардан келген Балтабай деген азамат төрт бірдей қобызды жаса-жастана күтіп, бітіртіп алып кетті. Шымкент қаласынан да келіп, тапсырыс беретіндер жеткілікті. Өзіміздің Сыр бойынан да үйірсктеп жүргендер бар.

— Мына домбыраны шиеілік қолқа салушының өтінішімен істеп жатырмын, осы демалысқа қарай келіп, алып кетеді, — дейді шеберіміз сабырлы қалпы. Оның айтуынша, көбінесе жиде ағашы, қара ағаштар пайдаланылады. Кесіп алған соң бес-алты ай кептіріп барып қана қажетті мақсатқа жұмсау керек екен. Сол секілді, тапсырыстың ерекшелігіне қарай қарағай, қызыл ағаштар да әкелінеді, — деп шеберлік сырын аша түсті ол. Әңгімелесе келе оның айына 15-20 әуез аспаптарын тапсырыс бойынша жасап шығатындығына қанықтық, бұл, әрине, көп қажырды, еңбекті қажет етеді. Сол қасиет Оспанхан Мұсаевтың бойында жеткілікті. Өзінің қарым-қабілетін нарықтық қатынастар талабына сай ұлестетіріп, қызмет жасап жатқан жігітке тілектестігімізді білдідік.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы,
Қосүйенкі ауылы.

...Жол түсіп Қарақұм ауылдық округінің орталығы Абай ауылына бардым. Негізгі бағыт алыстан мен мұндалайтын №59 орта мектебі еді. Атшаптырым ауласы бар білім ұясы маған қашанда ыстық. Себебі, осы ұядан қияға қанат қаққандардың бірімін. Ғимарат іші мұнтаздай таза. Әр нәрсе өз орнында тұр. Қысқасы, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың өскелеп тұрпаққа қаншалықты жағдай жасағаны оңай аңғарылады.

СУЫҚТАН ҚОРЫҚПАЙТЫН СУРЕТШІ

«Таныс аймақ, таныс маң» деп басталатын Мұқағалидың өміршен өлеңі тіл ұшына оралып, оқушылық күндерге бір сәт ойша шолу жасадым. Со-сын, әңгімелесіп тұрған ағаларыммен есендекенім сол-ақ еді, анадай жерде кетіп бара жатқан жалаң аяқ адамды көзім шалды.

Көсібі қызығушылықпен асыға басып, қытымыр қыста үстіне жұқа жейде киіп, жалаңаяқ жүрген ағаға қарай жүрдім.

— Ассалаумағалейкүм, — деп кос қолымды ұсынған маған:

— Уағалейкүмссалам, — деп жауап қайтарды.

— Қызық екен, қыстың күні қырауда мына жүрісіңіз қалай? — деймін таңданысымды жасыра алмай.

— Бұл әдетті серік еткеніме біршама жыл болды. Тамағындағы баспа ауруы мазалап, төсек тартып қалған кездерім көбейді. Дәрігерлік ем-домдарды оқып, зердеме тоқып, ойлана келе, осындай шешімге барып, өзімді-өзім қолға алдым. Алғашында қиынға соқты. Бірақ, жүнеуге тырыстым. Қазір бәрі басқаша. Суықты еш елемеймін, — деген жігіт ағасы жоғарыда тоқталған дертінен де құлан-таза айыққанын айтты.

Өзімді бір сәт сол кісінің орны-



на қоюдың өзі қисынсыз екендігін ұққандаймын. Ал, суыққа төзімді жан, сол бағығ жайбарақат қалпы. Керісінше,

оны көрген менің денем мұздап, еріксіз бұрсең қағамын.

Жалпы, қалың оқырманға түсінікті болу үшін, Абай Әбішев туралы қысқаша тоқталсам. Кейіпкеріміз 1963 жылы Қарақұм ауылында туған. Қылқаламға қаршадайынан бейімделген жастың тырнақалды туындылары мерзімді ба-сылым беттерінде жарияланған. Арман

жетегінде Мәскеу қаласындағы Өнер университетінде дәріс алған мақсатшыл өрен, бойдағы талантын шыңдай түсті.

Суретшінің «Ақсақ киі», «Ғарыш ғаламаты», «Танкистер», «Жекпе-жек» секілді картиналары көпшіліктің қызығушылығын туғызғанын қарақұм-дықтар әркез мақтан етеді. Сондай-ақ, ерекше қабілет иесінің әр жылдарда салған «Ит талау», «Жоқшылық», «Босады», «Токал ешкі», «Ақ боз ат», «Есідзік», «Үш артық» портреттері қандай көрмеге де лайық туындылар.

...Шешілмеген жұмбақтай көрінген Абайдың қар үстіндегі жалаңаяқ бейнесі әлі көз алдымда. Қантар айының соңғы аптасында Абайға телефон шалдым. Ондағы мақсатым — күшіне мінген аялда қандай жағдайда екенін білу еді. Сөйтсем, сол күнгі суықтарда да ғажайып жан желең кейіп, жалаңаяқ шаруашылықтармен айналысып жүр екен. Елбасының бұқаралық спортты да-мыту бастамасына үн қосқан, дүние та-нымы мол, үсірік аязға қасқая қарсы тұра білген ағаның көпшілікке бейхабар тағы бір қыры осы шығар деп пайымда-дым. Сіз не дейсіз?..

Абай ЕЛЕШ.

АЛИМЕНТ АНА БОЛМАЙДЫ

Естімеген елде көп. Бұрын әкесі алимент төлемеді деп сот орындаушыла-ры дабыл қағатын. Алимент төлеу үшін барлық тәсілдерді де қолданып көрген болатын. Бірақ нәтижесі шамалы. Бұл үйренішікті нәрсеге айналған. Енді бұл жағдай аналардың басына түмпыті. Себебі отбасы мен баласын тастап кеткен нәзік жандылардың қатары артуда. Яғни, ана-сы баласына алимент төлемей қалса, әке-сі артынан іздеп тиісті орындарға шағым түсіруде. Сонда бала жауапкершілігі қайда қалды деген сұрақ туады. Деген-мен баласын бағып-қағып, оқытып, адам қатарына қосуға бар күш-жігерін салып жүрген жалғызбасты әкелер де жоқ емес.

Қазіргі таңда осы мәселе қоғамда қызу талқылануда. Өркімнің пікірі әрқалай. Осы орайда қалалық соттың су-

дыясы К.Садуақасованың мәлімдемесіне сай алимент өндіру ісі бойынша өткен жылы 720 арыз түсіп, оның 7-ін қараудан бас тартылса, 20-сы кері қайтарылған. Ал, 693-і бойынша алимент өндіру туралы сот бұйрығы қабылданған. Ең қызығы, осы қабылданған сот бұйрықтардың 4-і бойынша өндіріп алушы әкелерінің аналары-нан алимент төлеу арызы түспеген екен.

Осы негізде, биылғы жылдың басы мен осы кезге дейін 61 арыз түсіп, оның 2-і кері қайтарылған. Ал, 59-ы бойынша алимент өндіруге сот бұйрығы қабылданған. Бірақ әзірге әкелерінің аналарынан алимент өндіру туралы арызы түспеген екен. Бұл қуанарлық жайт.

Бір оқиғадан мысал келтіретін болсақ, А. деген азаматша мен Б. деген азамат 2007 жылдан бері азаматтық не-

кеде тұрып келген. 2008 жылы қыз бала өмірге келеді. Бірақ 2010 жылдан бастап әйелі үйінен шығып кететін болған. Ақыры жары мен баласын тастап кетеді. Содан әйелі өзге азаматпен басқа қалаға кетіп қалған. Күйеуі телефон шалып, қалың шақырғанымен келмеген. Енді жалғыз қызын әкесі асырап жатыр. Ол ІІІ топ мүгеделі. Бірақ баласын бағып-қағу үшін кез келген жұмысты жасап жүрген көрінеді. Қазіргі уақытта Б. есімді азамат әйелінен алимент өндіру үшін сотқа шағымданған. Осы секілді оқиғалар күн кездеседі. Бұл мысал көптің бірі ғана.

Осы орайда бір ойланатыны, аналарымыздың бауыр еті баласы үшін жанын құрбан етуге даяр тұратын қасиеті қайда кеткен деген ой туары сөзсіз.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗ.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Бақытбек Гүлдана Бақытбекқызының атына Қызылорда қаласындағы Әлия Молдағұлова атындағы №173 орта мектептің 9 сыныбын 15.06.2010 жылы бітіргені жөнінде берілген ИОБ №0447699 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Балтабай Айсултан Бахмтжанұлының атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кентіндегі №204 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті 18.06.2014 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0734383 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Дүйсенов Абзал Абайұлының атына Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылындағы №65 С.Кожанов атындағы орта мектепті 18.06.2002 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ № 0687677 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жәдігер Гүлханым Қалабайқызының атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бозкөл ауылындағы Қарасақал Ерімбет атындағы №96 орта мектепті 20.06.2011 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0148634 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Байниязова Кулзипа Қасымбековнаның атына Қызылорда қаласы, Ақмаржан м/а, Тәуелсіздікке 20 жыл көшесі, 39 үйге (бұрынғы Артемов көшесі 15) берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-022-2095, №0152349 26.11.2007 ж.), тіркелетін жылқы-майтын мүлік объектісіне техникалық паспорты (24.01.2008 ж.) жоғалуына байланысты жа-рамсыз деп есептелсін.

Әлжанова Манат Талапбекқызының атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Свя-зист бау-бақша серіктестігі, 2-көше №5 үйге (участок №113) берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-076-6622, №0116882 23.01.2008 ж.), жер учаскесін сату-сатып алу шарты (№7360 25.07.2013 ж.) жоғалуына байланысты жарам-сыз деп есептелсін.

Куанышева Манзира Дайрабаевна-ның атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кентіндегі №35 И.Токтыбаев атындағы қазақ орта мектебін 2002 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №0685930 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

Әділ ТАЛАП.

ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТИ

Қызылорда қаласындағы «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінде ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, профессор Николай Шиндинді еске алуға арналған ерлер арасында волейболдан республикалық турнир өтті. Жарыс онының мәрте уйымдастырылды.

Онда Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары-нан, Қызылорда, Байқоңыр қалаларынан және Сырда-рия, Жаңақорған аудандарынан 8 команда сыңға түсті. Екі күнге созылған жарыстың финалында жергілікті облыстық сот командасы «Қорқыт Ата атындағы ҚМУ» волейболшыларын 3:0 есебімен жеңіп, турнир жеңімпазы атанды. Тараздың «Тараз-ТАРМУ» волейболшылары қола жүлдегер атанды.

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОП ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Бүгінгі таңда облыс көлемінде мал ұрлығы өзекті тақырыпқа айналып отыр. Осындай ұрлықты әдетке айналдырған қылмыстық топ қолға түсті.

Былтырғы жыл соңында 1992 жылғы Шіелі ауданының тұрғыны мен 1989 жылғы қызылордалық азамат оңай жолмен ақша табу мақсатында «Nissan Primera» маркалы автокөлігімен Қарауылдағы ауылдан 1 бас қой ұрлап, бой тасаласа, биылғы қаңтар айының 28-не қараған түні Титов тұрғынының мал қорасынан 2 қой, сол түні Қараөзек елді мекенінен тағы 2 қой ұрлаған. Қастарына 1993 жылы туған М.Б. есімді азамат-ты қосып алған олар ақпаның 5-не қараған түні Абай ау-

ылы тұрғынының 2 қойын, Көкжиде ауылы тұрғынының 1 басағын ұрлаған. Жоспарлы істерін жүзеге асырып келе жатқан бәукеспелерді жолда Қызылорда ҚІБ-ның Жол-патрульді полиция батальоны қызметкерлері құрықтан, жүк салғыштағы ұрланған малдар айғақ зат ретінде аныған.

Қазіргі таңда Шіелі ауданы, Сұлутөбе ауылының тұрғыны М.М. және Қызылорда қаласының тұрғындары А.М., М.Б. есімді азаматтар құлдікті ретінде ұсталып, Қызылорда қалалық ІІБ-ның уақытша ұстау абақтысына қамалды. Тергеу жұмыстары ба-рысында, бұл азаматтардың қатысуымен жоғарыда аталған қылмыстардан бөлек тағы 6 мал ұрлығын Шіелі ауданында жасағандығы анықталды.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

АЙЛАСЫН АСЫРА АЛМАҒАН АЛАЯҚ

«Бәлен жерде алтын бар, барсаң бақыр да жоқ». Алаяқтар адамдардың жеңіл пайда табуға, ойлаған мақсаттарына оңайлықпен тез арада қол жеткізуге ұмтылатын мінездерін жақсы зерттеп, «ұй алып беремін», «күйметтен жер алып беремін», «балаңды оқуға түсіремін», «жұмысқа тұрғызамын», «банктен несие әперемін», «тендерге қарық қыламын» деп, берген ақшасын алып, ізін суытады. Ал ақша берген адам ақырында жылап-сықтап, сан соғып қалады. Сондай бір қылмыс өткен жылы Қызылорда қаласында орын алды.

Облыс орталығында тұратын Н.С. есімді азамат алаяқтық арам ниетін жүзеге асырмақ болып, қала тұрғыны А.Д-ның сеніміне кіреді. Ақырында ол аймақтағы ірі мемлекеттік мекемелердің бірінен «тендер үшін беремін» деп ал-дап, 6 500 000 теңгесін қағып алады. Та-яуда құқық қорғау қызметкерлерінің

қырағылығының арқасында сезікті қырықталды. Оған қатысты қалалық ішкі істер басқармасы Қылмыстық кодекстің 190-бабының 4-бөлігімен қылмыстық іс қозғалды. Енді оны 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы күтін тұр. Сондай-ақ мүлкі тәркіленеді және мемлекеттік қызметке орналаса ал-

майды.

Бұған қоса, тергеу кезінде сезіктінің бұрында да осы баппен сотты болғаны, кейін амнистияға ілініп, қамаудан босағаны анықталды. Осылайша өзінің айласын асырмақ болған алаяқ темір тордың арғағынан бір-ақ шықты.

Аландатарлығы сол, осындай қылмыс соңғы айлары көбініп кетті. Өткен жылы Қызылорда қаласы бойынша 6971 алаяқтық қылмысы жасалған. Сол жылдың 1 айында 587 қылмыс тіркелсе, ал биылғы жылдың 1 айында 751 қылмыс тіркеліп, яғни 27,9 пайызға өсіп отыр. Бұл қылмыскерлер жазасын алары сөзсіз. Де-сек те, алаяқтың арбауына түсіп қалмай, абай болу әр адамның өз қолында.

Дәурен ОМАРОВ.

СПОРТ

ЖЕРЛЕСІМІЗ АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Таиланд астанасы — Бангкок қаласында тректен жастар арасында Азия чемпионаты мәресіне жетті. Аталмыш бәсекеде Қазақстан құрамасы са-пында сыңға түскен жерлесіміз Тұрар Асылхан 4 шақырымдық қашықтықта командалық жарыста Азия чемпионы атанып, ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындады.

Т.Асылхан 1997 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2014 жылы Астанада өткен Азия чемпионатында командалық жарыста күміс жүлдені иеленген бола-тын. Тректен 4 дүркін Қазақстан чемпионы. Ол 2008 жылдан бері аталмыш спорт түрімен шұғылданып келеді. Облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдердің велоспорт жөніндегі №3 олимпиадалық резерв мектебінде тәлім алады. Бапкері — Жандос Махамбетов. Тұрар қыркүйек айында Астана қаласында өтетін әлем чемпи-онатына қатысады.

“Сыр медиа” ЖШС, Қазақстан Журналис-тер одағы облыстық филиалы және “Қоғам ТВ” ұжымдары белгілі жазушы, сыншы Бақыт Сарбалаевқа інісі

Жаксыбайдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық кеңес беру диагностикалық орталығы ұжымы орталық қызметкері Алпабаев Мақсат Сейлханұлына әкесі

Сейлханның

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айта-ды.